

«Әбілхайыр» ЖШС бөбекжай балабақшасы

Бекітемін:

Менгерушісі:

К.Нурходжаева



2021-2022 оқу жылы
Вариативтік компонент
Ересек «Ай-жұлдыз» тобы
«Ертегілер елінде»

Тәрбиеші: Г.Джилкибекова

«Әбілхайыр» бөбекжай балабақшасы

«ӘЖЕМ АЙТҚАН ЕРТЕГІ»



ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ

ВАРИАТИВ КОМПОНЕНТ

№	Ай атаулары	тақырыбы	Сағат саны	мерзімі
1	Қыркүйек	«Шалқанды »ертегі Мақсаты ,ертегі желісін ретімен орындай алады .	1	02.09.21
		«дос іздеген бота » ертегісі Мақсаты қуыршақ театр арқылы достыққа тәрбиелеу	1	09.09.21
		«Ойыншықтар достығы » ертегісі Мақсаты ,Ойыншықтарды дұрыс атайды ұқыптылықпен қарауды түсінеді	1	16.09.21
		«Шұбар тауық» Мақсаты,балаларға ертегіні мұқият тыңдатып сұраққа толық жауап береді	1	23.09.21
		«Арыстан мен түлкі» Мақсаты: Ертегіні әңмелей білуге, зейрек болуға тәрбиелеу.	1	30.09.21
2	Қазан	«Үйшік »ертегісі Мақсаты ертегі арқылы мейірімділікке ,ұйымшылдыққа тәрбиелеу	1	07.10.21
		«Түлкі мен торғай » ертегісі Мақсаты ,суретке зейін қойып тыңдаи алады ертегі кейіпкерлерін таниды	1	14.10.21
		«Күшік пен мысық» ертегісі Мақсаты, Аиырмашылығын табады ,ертегіні қайталап айта алады	1	21.10.21
		«Мақтаншақ қоян » Мақсаты , балалар ертегіге қызушылық танытады алады сахналап береді рөлдерге бөліп ойнаиды	1	28.10.21
		«Әтеш пен тоты»ертегісі Мақсаты ертегіні зейін қойып тыңдаи алады жаман қасиеттерін ажырата біледіғ	1	04.11.21
3	Қараша	« Бауырсақ »Балаларды ертегіні әңгімелеиді диалог сөздерді мәнерлеп келтіре айта алады	1	11.11.21
		« Бауырсақ бауырсақ мен сені жеймін » Мақсаты,ертегінің желісі бойынша сұрақтарға жауап бере біледі мазмұндаиды олардың дауысын салып қызыға ойнау дағдыларын	1	18.11.21

		қалыптасады «Үш аю»ертегісі Мақсаты: ертегіні әңгімелеі білей білуге, достық қарымқатынастағы маңыздылықты ұғындыру.	1	25.11.21
4	Желтоқсан	«Қане досым сөзге қосыл » Мақсаты ертегіні қайталай отырып кейіпкерлерін таңдау рөлдерін бөлу мазмұндаулары мен тілдерін дамыту мейірімді тату тәтті –дос болуға үйрету	1	02.12.21
		«Үш аю » ертегісін сахналау Мақсаты ,ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс әрекеттерін әсерлі көңіл күйлерін білдіре отырып сезімдерін көрсету рөлдерін дұрыс орындай алады .	1	09.12.21
		« түлкі мен қырғауыл » ертегісі Мақсаты балаларға білетін ертегісін еске түсіру арқылы тіл баилығын дамыту ,дауыс ырғағын келтіре отырып рөлдерге бөліп оинату ,балалардытапқырлыққа шыншылдыққа тәрбиелеу	1	23.12.21
		«Қу түлкі мен қорқақ қоян» ертегісі Мақсаты ,ертегіні қайталап отырып балаларға кейіпкерлер сөздеррін дұрыс анық аиту.сөйлеу мүшелерін дұрыс қолдана білуге үйрету.	1	30.12.21
5	Қаңтар	«Қолғап » ертегісі Мақсаты ,үстел үсті,театр арқылы ертегінің мазмұнын түсінеді	1	06.01.22
		«Жеті лақ және қасқыр» ертегісі Мақсаты ,Қасқыр мен жеті лақ үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызушылығын ояту ,сөздік қорын молаиту тіл баилығын дамыту есте сақтау дүние танымын кеңейту	1	11.01.22
		«Лақтарым менің айналаиын лақтарым менің! »ертегісі Мақсаты ,ертегіні қайталай отырып кейіпкерін тыңдау,ойын арқылы рөлдерге бөлу, кейіпкердің сөздерін дұрыс аиту ға үйрету және тілдерін дамыту	1	18.01.22
				25.01.22

		<p>«Алақай алақай Анамыз келді бізге сүт әкелді» ертегісі Мақсаты , ертегіге деген қызушылығын арттыру ертегіні қайталап отырып таңдаған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету .</p>	1	
6	Ақпан	<p>«Жеті лақ және қасқыр» ертегісін Мақсаты ,қасқыр мен жеті лақ ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызушылығын ояту кейіпкерлер атрибуттар арқылы іс әрекеттерін т әсер көңіл күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету</p>	1	01.02.22
		<p>«Алтын айдарлы әтеш» ертегісі Мақсаты ертегі мазм ұнымен таныстыру сұрақ жауап ертегіні терең түсіндіру</p>	1	08.02.22
		<p>« Жібек шашақты сақалы бар, майға батырып алған тәрізді басы бар» Мақсаты ертегіні қайталай отырып кейіпкерге тыңдай рөлдерді бөлу ,Балаларға сөздер мен қимыл қозғалыстарын үйрету</p>	1	15.02.22
		<p>«Сымбатты әтеш» ертегісі Мақсаты ,Ертегіні қайталап отырып балаларға кейіпкерлер сөздерін диалог бойынша орындауға үйрету балаларды ойлау шығармашылық қабілетін дамыту .</p>	1	22.02.22
7	Наурыз	<p>« Алтын айдарлы әтеш » ертегісін сахналау Мақсаттары ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау,ертегілердегі кейіпкерлердің рөлдерін дұрыс орындауларын т қадағалау ойлау қабілетін дамыту сөздік қорын молайту ,өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту.</p>	1	04.03.22
		<p>«Ертегілер әлеміне саяхат » Мақсаты , «Ертегілер әлеміне саяхат »деген тақырыптағы сабақта балаларды қоршаған орта мен таныстыру ойлау қабілеттерін арттыру ,ертегінің қалай басталып қалай аяқталатынын жайлы ұғымын бекіту</p>	1	10.03.22

		есте сақтау,және қайта айтып бере салу дағдыларын үйрету. «Түлкі мен т орғай» ертегіс Мақсаты суретке зейін қоиып тыңдаи алады ,ертегі кейіпкерлерін таниды «Ертегі елі жермен келе жатыр» Мақсаты ертегі кейіпкерлердің жағымсыз жақтарын таба білуге үйрету Тілін дамыту баиланыстыра сөйлеуге дағдыландыру	1 1	17.03.22. 24.03.22.
8	Сәуір	«Бір үзім нан » ертегісі Мақсаты балалардың оилау қабілетін арттырып сөздің қорын молаиту сүирет бойынша айтып беруге үйрету тіл баилығын дамыту « Құмырсаңның қанағаты» ертегісі Мақсаты халық ауыз әдебиетінің үлгілерін паидалана отырып ауызбіршілікке ,ұйымшылдыққа қанағатшыл болуға жақсы қасиеттерді үйренуге тәрбиелеу «Шегіртке мен құмырсақ» ертегісі Мақсаты , ертегіні сурет бойынша аитуға үйрету, балалардың тіл баилығын сөздік қорын баиыту еңбекшіл болуға өзгелерін тыңдаи білуге тианақтылыққа тәрбиелеу «Қарлығаштың құйрығы неге айыр» ертегісі Мақсаты балаларға ертегіні көңілді қабылдауға үйрету сахналап беруге талпындыру ,кейіпкердің мінез құлқын сезіндіру ,есте сақтау қабілеттерін арттыру	1 1 1 1	07.04.22 14.04.22 21.04.22 28.04.22
9	мамыр	« Мақта қыз бен мысық» ертегісі Сақсаты, балаларға педогог Ы.Алтынсарин оның шығармашылығы туралы білімдерін жетілдіру ертегі мазмұнын әңгімелеуге диалог сөздерді мәнерлеп келтіре айта білуге үйрету балаларды көркем әдебиетке деген қызушылығын арттыру « Ара мен шегіртке» ертегісі	1 1	05.05.22 12.05.22

Мақсаты **балаларға** ертегіні көңілді қабылдауға үйрету сахналап беруге талпындыру кейіпкердің мінез құлқын сезіндіру сақтау қабілетін қалыптастыру

Әдістері сұрақ жауап сахналық көрініс

« **Түлкі қоишы аю**» ертегісі

Мақсаты ертегіні түсіндіру барысында балалардың тіл байлықтарын есте сақтау қабілеттерін дамыту балаларды халық ауыз әдебиетіне деген қызушылығын арттыру

« **Түлкі мен қырғауыл** » ертегісі

Мақсаты балаларға білетін ертегілерін еске түсіру арқылы тіл байлығын дамыту ,дауыс ырғағын келтіре отырып рөлдерге бөліп оинату балаларды тапқырлыққа шыншылдыққа тәрбиелеу.

1

19.05.22

1

26.05.22

Күні:02.09.21ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Шалқан» ертегісі

Мақсаты: Ертегі желісін ретімен орындай алады.

Күтілетін нәтиже: Ертегі желісін ретімен орындай алды.

Көрнекігі: атрибуттар

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p data-bbox="68 562 284 622">Мотивациялық қозғаушы</p> <p data-bbox="68 898 323 958">Ұйымдастырушы-ізденушілік</p>	<p data-bbox="346 562 592 598">Шаттық шеңбері.</p> <p data-bbox="346 624 703 792">Біз ұқыпты баламыз, Айтқан тілді аламыз. Ойыншықтарды жинаймыз, Үлкендерді сыйлаймыз. -Жарайсыңдар балалар!</p> <p data-bbox="346 792 1034 927">Балалар «Шалқан» ертегісін бәріміз білеміз. Бүгін осы шалқан ертегісін сахналаймыз. Балалар ертегі кейіпкерлерінің атрибуттарын алады. Артегіні бастаймыз.</p> <p data-bbox="346 927 1046 1095">Баяғы бір заманда шал мен кемпір болыпты. Олардың бақшасы бар екен. Бірде шал шалқан отырғызады. Шалқан үп-үлкен боп өседі. Бір күні шал шалқанды жерден суырып алмақшы болады. Ары тартады, бері тартады. Бірақ шалқанды шығара алмайды.</p> <p data-bbox="346 1095 1031 1196">Шал көмекке кемпірін шақырады. Кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Бірақ орнынан қозғалта да алмайды.</p> <p data-bbox="346 1196 1046 1330">Кемпір көмекке немере қызын шақырады. Немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Тағы да суырып шығара алмайды.</p> <p data-bbox="346 1330 1042 1464">Немере қызы итін шақырады. Ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары тартады, бері тартады. Шалқанды суыра алмайды. Енді ит көмекке мысықты шақырады.</p> <p data-bbox="346 1464 1023 1599">Мысық иттің құйрығынан, ит қыздың етегінен, немересі кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстап, ары жұлқиды, бері жұлқиды. Шалқан шықпайды.</p> <p data-bbox="346 1599 1042 1765">Мысық болса, тышқанды шақырады. Тышқан келіп мысықтың құйрығынан, мысық иттен, ит немересінің етегінен, қыз кемпірден, кемпір шалдан, шал шалқаннан ұстайды. Олар тарта-тарта ақыры шалқанды суырып шығарады.</p>	<p data-bbox="1088 562 1394 598">Балалар өлеңді айтады</p> <p data-bbox="1088 763 1378 898">Балалар қуанады Балалар өздері қалаған ертегі кейіпкерлерінің атрибуттарын алады.</p>
<p data-bbox="68 1800 201 1861">Жетекші жөндеуші</p>	<p data-bbox="346 1771 847 1807">Сұрақ-жауап алып қорытындылаймын</p>	<p data-bbox="1088 1771 1390 1807">Балалардың жауаптары</p>

Тақырыбы: «Дос іздеген бота» ертегісі

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Мотивациялық қозғаушы</p> <p>Ұйымдастырушы-ізденушілік</p>	<p>Тербеледі ағаштар, Алдымнан жел еседі. Кіп-кішкентай балалар, Үп-үлкен боп өседі. Балалар бүгін сендер «Дос іздеген бота» деген ертегіні қуыршақ театры арқылы тамашалайсыңдар. Ерте, ерте, ертеде боталы түйе болыпты. Ол өзінің жібек жүнді сүйкімді баласына мейірімділікті, адалдықты үйретіпті. Мөлдір көзді бота өте ақылды болып өседі. Бір күні анасы: — Боташым, мен саған жақсы достан басқасының бәрін бердім. Енді тура өзің сияқты дос тап. Доссыз өмір қиын, әрі қызық емес, — дейді. Бота өзіне ұқсайтын жалт-жұлт еткен жүні бар, жағымды үні бар дос іздеп шығады. Жайылып жүрген құлынды көріп: — Бө - ө - ө, мен дос іздеп жүрмін, — деп бота боздайды. — Иһ - һ - һі, кел, екеуміз дос болайық, — деп құлын кісінейді. — Жоқ, сен сияқты дос емес, — дейді бота күлімдеп. — Мүмкін бұзау болар, — деп құлын ботаны шығарып салады. Бота бұзауға келіп: — Бө - ө - ө, мен дос іздеп жүрмін, — деп бота боздайды. — Мө - ө - ө, кел, екеуміз дос болайық — деп бұзау мөңірейді. — Жоқ, сен сияқты дос емес, — дейді бота. — Мүмкін қозы болар, — деп бұзау ботаны шығарып салады. Бота қозыға келеді: — Бө - ө - ө, мен дос іздеп жүрмін, — деп боздайды. — Мә - ә - ә, кел, екеуміз дос болайық — деп қозы маңырайды. — Жоқ сен сияқты дос емес — дейді бота күлімдеп. — Мүмкін күшік болар, — деп қозы ботаны шығарып салады. Бота күшікке келіп: — Бө - ө - ө, мен дос іздеп жүрмін, — деп боздайды. — Әуп - әуп, кел, екеуміз дос болайық — деп күшік үреді. — Жоқ сен сияқты дос емес — дейді бота күлімдеп. — Мүмкін мысық болар, — деп күшік ботаны шығарып салады. Бота мысыққа келіп:</p>	<p>Балалар өлеңді қимылжасап айтады</p> <p>Балалар қуанады</p>

Мақсаты: Қуыршақ театры арқылы достыққа тәрбиелеу**Күтілетін нәтиже:** ертегіні мұқият тамашалады, достық, мейірімділікті түсінді.**Көрнекігі:** қуыршақ театры

	<p>— Бө - ө - ө, мен дос іздеп жүрмін, — деп боздайды. — Мияу - мияу, кел, екеуміз дос болайық — деп мысық мияулайды. — Жоқ, сен сияқты дос емес — дейді бота күлімдеп. — Мүмкін әтеш болар, — деп мысық ботаны шығарып салады. Бота әтешке келіп: — Бө - ө - ө, мен дос іздеп жүрмін, — деп боздайды. — Ку - ка - ре - ку! Кел екеуміз дос болайық — деп әтеш айғайлайды. — Жоқ, сен сияқты дос емес — дейді бота күлімдеп. — Мүмкін қарға болар, — деп әтеш ботаны шығарып салады. Бота қарғаға келіп: — Бө - ө - ө, мен дос іздеп жүрмін, — деп боздайды. — Қа - а - рр, қа - а - рр, екеуміз дос болайық — деп қарға қарқылдайды, — Жоқ, сен сияқты дос емес — дейді бота күлімдеп. — Мүмкін бақа болар, — деп қарға ботаны шығарып салады. Бота бақаға келіп: — Бө - ө - ө, мен дос іздеп жүрмін, — деп боздайды. — Бақ - бақ, кел, екеуміз дос болайық — деп бақа бакылдайды. — Жоқ, сен сияқты дос емес — дейді бота күлімдеп. — Мүмкін ара болар, — деп бақа ботаны шығарып салады. Бота араға келіп: — Бө - ө - ө, мен дос іздеп жүрмін, — деп боздайды. — З - з - з - зз, кел, екеуміз дос болайық — деп ара ызылдап қуа жөнеледі. Бота арадан зорға қашып құтылады. Басы салбырап, ерні салпыып бота өз анасына келеді. Анасы: — Дос таптың ба, ботам? — деп сұрайды. — Жоқ, анашым, сенбесеңіз көктегі күннен сұраңыз. Тура мен сияқты ешкім жоқ екен, — дейді. Анасы жымыып: — Өзің сияқты дегенім, адалдығыңды айтқаным, боташым. Досты жан тазалығымен таңдау керек, — дейді. Бота қуанып, адал достары: құлынды, бұзауды, қозыны, күшікті, мысықты, әтешті, қарғаны, бақаны ертіп келіпті. Ал, араны сабырсыздығы үшін қоспаған екен дейді.</p>	
<p>Жетекші жөндеуші</p>	<p>Балалар сендерге ертегі ұнады ма? Бота өзіне ұқсаған досын тапты ма? Дос деген қандай болу керек?</p>	<p>Балалардың жауаптары</p>

Күні:15.09.21ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Ойыншықтар достығы» ертегісі

Мақсаты: Ойыншықтарды дұрыс атайды, ұқыптылықпен қарауды түсінеді.

Күтілетін нәтиже: Ойыншықтарды дұрыс атайды, ұқыптылықпен қарауды түсінеді.

Көрнекігі: Ойыншықтар

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Мотивациялық қозғаушы</p> <p>Ұйымдастырушы-ізденушілік</p>	<p>Шаттық шеңбері.</p> <p>Біз ұқыпты баламыз, Айтқан тілді аламыз. Ойыншықтарды жинаймыз, Үлкендерді сыйлаймыз. -Жарайсыңдар балалар! -Балалар қараңдаршы, балабақшаға келгенде айналамызда нелерді көреміз? Жұмбақ жасыру. Аяғы бар жүрмейді, Ауызы бар күлмейді. Айнымайды бөпемнен, Тек сөйлеуді білмейді. -Балалар, кім жауабын біледі? Бұл не? -Балалар, бүгін біздер ойыншықтармен танысамыз. -Қане бәріміз менің үстелімдегі ойыншықтарға қарайық. -Қане, қоянды ұстап көріңдерші, қандай екен? - Доп неден жасалған? -Бір сөзбен не деп айтамыз? Бір ойыншықты ойыншық дейміз, көп ойыншықты ойыншықтар дейміз. -Балалар, сендердің сүйікті ойыншықтарың барма? Қандай? - Көбіне қыз балалар қандай ойыншықты жақсы көреді? «Қуыршақ» қандай әріптен басталып тұр? -Ал ұл балалар ше? Енді сендермен «Ойыншықтар достығы» ертегісін тыңдап көрейік. Ертеде сұлу әдемі қуыршақ болыпты.Ол өз әдемілігіне масаттанып басқа ойыншықтармен ойнамапты. Достары аюдың баласы қонжық,қоянның баласы көжек,маймыл оны ойнауға шақырса бармапты.Бір күні қатты жел соғып, қуыршақ еденге құлап түседі.Оның әдемі көйлегі жыртылып, қатты жылапты.Оны байқаған ойыншықтар не істепті?</p>	<p>Балалар өлеңді айтады</p> <p>Ойыншықтар</p> <p>Қуыршақ</p> <p>Балалардың жауаптары</p>
<p>Жетекші жөндеуші</p>	<p>-Маймыл не істепті? -Көжек қалай көмектесті? -Ал қонжық шы? -Қуыршақ не себепті өзін танымай қалады? Доссыз өмірде қызық емес екенін ұғады. Осыдан соң қуыршақ менмендігін ұмытып,сұлулығына мақтанбай достарының бәрімен тату болыпты.</p>	<p>Балалардың жауаптары Маймыл қуыршақты аяп кетіпті Көжек шашын тарап беріпті Қонжық көйлегін жамап беріпті</p>

Күні:22.09.21ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Шұбар тауық» ертегісі

Мақсаты: Балаларға ертегіні мұқият тыңдатып, сұраққа толық жауап береді.

Күтілетін нәтиже: ертегіні мұқият тыңдады, сұраққа толық жауап берді.

Көрнекігі: ертегі кейіпкерлерінің суреттері

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Мотивациялық қозғаушы</p> <p>Ұйымдастырушы-ізденушілік</p>	<p>Шұбар тауық туралы өлең оқып беремін.</p> <p>Шұбар тауық мүлдем Жолатпайды барса. Ұясында жүрген Балапаны қанша? Балапанын тауық Қызғанады жаман. Қанатымен жауып, Санатпайды маған. (Ұ. Есдәулетов).</p> <p>- Балалар, сендер білесіңдер ме? Тауықтар қандай түсті болады? Мен сендерге осы «Шұбар тауық» ертегісін әңгімелеп беремін.</p> <p>Баяғыда бір әжей мен атай күнін әзер көріпті. Олардың жалғыз шұбар тауығы болыпты. Тауық бір күні алтын жұмыртқа тауыпты. Атай жұмыртқаны жерге ұрыпты, бірақ әлгі жұмыртқаны жара алмапты, әжей де ұрып – ұрып жара алмапты.</p> <p>Бір тышқан зырылдап жүріп, құйрығымен қағып кетіпті, сол кезде жұмыртқа жерге түсіп кетіп, жарылып қалыпты. Атай мен әжей жылапты. Сонда оларды Тауық былай деп жұбатыпты:</p> <p>- Жыламашы, аташым! Мұңаймашы, әжешім! Мен сендерге жылтылдаған алтын емес, ас болатын қарапайым жұмыртқа тауып беремін,- депті.</p>	<p>Балалар өлеңді қызыға тыңдайды</p> <p>Ақ түсті, қызыл түсті, шұбар ала түсті тауықтар болады екен.</p>
<p>Жетекші жөндеуші</p>	<p>- Балалар сендерге ертегі ұнады ма? - Онда, осы шұбар тауықтан алынған қауырсыннан «Қауырсынды үрлеу» ойынын ойнайық.</p>	<p>Иә, ұнады Балалар қуана ойнайды</p>

Күні:06.10.21ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Үйшік» ертегісі

Мақсаты: Ертегі арқылы мейірімділікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу

Күтілетін нәтиже: Ертегіні зейін қойып тыңдай алды

Көрнекілігі; ертегі кейіпкерлері

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p data-bbox="70 477 287 533">Мотивациялық қозғаушы</p> <p data-bbox="70 607 323 663">Ұйымдастырушы-ізденушілік</p>	<p data-bbox="347 477 654 600">Күн күледі жадырайды, Құстар келіп сайрайды. Кел, балалар, келіңдер. Ертегіге еніңдер.</p> <p data-bbox="347 607 1050 1944">- Ерте, ерте, ертеде орманда бір үйшік болған екен. «Үйшік» ертегісін тамашалаңыздар. Орманда келе жатқан тықырлауық тышқан: Мен тықырлауық тышқанмын, Өз інімнен шыққанмын. Дос іздеймін өзіме, Тату болам өзіңмен. Үйшікті көре таңғалып. - Сүп – сүйкімді, кіп-кішкентай әдемі үйде кім тұрады? Үйшікте ешкім тұрмаған соң тышқан үйшікке кіріп тұрады. Қоян келеді. Мен қоянмын, қоянмын, Сәбізді жеп тоямын. Жемістерді көп жинап, Қысқа сақтап қоямын. Үйшікті көрген қорқақ қоян. - Сүп - сүйкімді, кіп-кішкентай әдемі үйшікте кім тұрады? - Мен тықырлауық тышқанмын, кел бірге тұрайық. Тиін келеді. Мен тиінмін, тиінмін, Қысқа жылы киіндім. Қоймам толы жаңғаққа, Іші жылы үйімнің. - Сүп - сүйкімді, кіп-кішкентай әдемі үйшікте тұрады? - Мен тықырлауық тышқанмын. - Мен қорқақ қоянмын кел бірге тұрайық. Сұлу түлкі келеді. Мен сұлу түлкімін, Жай өтпес бір күнім. Ішінде жүремін, Айғай шу күлкінің. - Сүп – сүйкімді, кіп-кішкентай әдемі үйшікте кім тұрады. - Мен тықырлауық тышқанмын. - Мен қорқақ қоянмын. - Мен үлпілдек тиінмін, кел бірге тұрайық. Түлкі үйшікке кіріп өзіне жаңа достар табады. Көкжал қасқыр келеді.</p>	<p data-bbox="1091 506 1377 562">Балалар қуана ертегіні тамашалайды</p>

	<p>Мен көкжал қасқырмын, Ауылды торимын. Аңшыдан қорқамын, Сайларда жортамын. - Сүп – сүйкімді, кіп-кішкентай әдемі үйшікте кім тұрады. - Мен тықырлауық тышқанмын. - Мен қорқақ қоянмын. - Мен үлпілдек тиінмін. - Мен сұлу түлкімін, кел бірге тұрайық. Осылайша қасқырда дос болып үйшікке кіріп тұрады. Қорбаңдаған аю келеді. Мен аюмын қорбаңбай, Қимылдаймын қорбаңдай. Омартаны көргенде, Бас саламын ойланбай. - Сүп - сүйкімді, кіп-кішкентай, әдемі үйшікте кім тұрады. - Мен тықырлауық тышқанмын. - Мен қорқақ қоянмын. - Мен үлпілдек тиінмін. - Мен сұлу түлкімін. - Мен көкжал қасқырмын, кел бірге тұрайық. Аю денесінің үлкендігіне байланысты үйшіктің есігінен сыймай қояды, үйшіктің терезесінен кіруге тырысады бәрібірде басы кірмей қояды. Үйшіктің шатырына шығып тұруға тырысады. Шатырына шыға берген кезде үйшікті құлатып қояды. Қапаланған аю. - Үйшіктеріңді құлатып қойдым кешіріңдер. Достары: - Қапаланба достым бәріміз бірге үй салайық. Бәрі бірге: Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да, Достар бір - біріне, Сенімді боламыз.</p>	
<p>Жетекші жөндеуші</p>	<p>Балалардан ертегі турала сұрақ-жауап алып оқу қызметін қорытындылаймын</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап береді</p>

<p>Жетекші жөндеуші</p>	<p>береді. Бұған торғай да, тышқан да разы болып, өз жөндеріне кетеді.</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Торғай, торғай, торғайсың, Жақын келіп, қонғайсың, Шашқан нанды шоқысаң, Сонда суықтан тоңбайсың. Түлкі, түлкі қутындайсың, Айналаңнан тың тыңдайсың,</p> <p>Сұрақтар:</p> <p>- Түлкі не істеді? Оның жасаған әрекеті қандай? Ал, торғайдың әрекеті туралы не айтар едіңдер? Досына солай етуге бола ма? Қайсысына аяушылық білдіруге болады? қандай әрекет жасады? дос деп нені айтуға болады? қалай істер едіңіздер?</p>	<p>Жауабы</p> <p>Қимылмен көрсетеді</p> <p>ертегіге қатысты сұрақтарға жауап береді</p> <p>Ит Нағыз Сіздер</p>
------------------------------------	--	--

Күні:20.10.21ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: «Ертегілер елінде»

Тақырыбы: « Күшік пен мысық » ертегісі

Мақсаты:Айырмашылығын табады, ертегіні қайталап айта алады.

Күтілетін нәтиже:Айырмашылығын тапты, ертегіні қайталап айтты.

Көрнекілігі: Күшік пен мысықтың суреті

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p data-bbox="215 486 451 548">Мотивациялық қозғаушы</p> <p data-bbox="215 1256 451 1319">Ұйымдастырушы-ізденушілік</p>	<p data-bbox="483 486 922 548">Балалар асықтарды таңдап алып отыра қойындар.</p> <p data-bbox="483 571 922 701">Балалардың алдына үй жануарларының суреттері қойылады, ішінен күшік пен мысықтың суретін тапқызамын</p> <p data-bbox="483 723 922 786">-Ал сендердің үйлеріңде мысық пен күшік бар ма?</p> <p data-bbox="483 808 922 902">-Сендер мысық пен күшіктеріңе не бересіңдер, олар қандай тамақ жейді?</p> <p data-bbox="483 1037 922 1099">-Ал сендердің күшіктерің қандай дыбыс шығарады?</p> <p data-bbox="483 1122 922 1184">-Қазір күшік пен мысық әңгімесін мәнерлеп оқып беремін.</p> <p data-bbox="483 1207 922 1243">«Күшік пен мысық»</p> <p data-bbox="483 1265 922 1328">-Қарны ашқан күшік қаңғып жүріп тауда қасқырға кезігеді.</p> <p data-bbox="483 1328 922 1458">-Ей, күшік мен сені жеймін,-дейді қасқыр. -Қой, жеме мені әуелі тойдыр, сонан соң жейсің – дейді күшік.</p> <p data-bbox="483 1458 922 1552">-Жарайды, жүр, соңымнан қалмай жүре бер,-дейді қасқыр. Екеуі бір топ сиырды көреді.</p> <p data-bbox="483 1552 922 1798">-Күшік, менің көздерім, құлақтарым, аузым, құйрығым қандай?-дейді қасқыр. -Көздерің қып-қызыл, екі құлағың жымыған, ауызың арандай ашылған, құйрығың жас шыбықтай майысып тұр.</p> <p data-bbox="483 1798 922 1834">Қасқыр:</p> <p data-bbox="483 1834 922 1928">-Енді маған қара,-деп бұзаудың тамағына жабысып өлтіріп, күшікті де тойғызады, өзі де тояды.</p> <p data-bbox="483 1928 922 2022">-Күшік, енді сені жемеймін. Сау бол!-деп кетіп қалады. Іші пысқан күшік мысыққа кездеседі.</p> <p data-bbox="483 2022 922 2063">-Мысық мен сені жеймін,-дейді.</p> <p data-bbox="483 2063 922 2098">-Мені тойдыр күшік.</p> <p data-bbox="483 2098 922 2134">-Жарайды, менімен бірге жүр,-</p>	<p data-bbox="954 486 1375 548">Түрлі асық таңдап топқа бөлініп отырады.</p> <p data-bbox="954 616 1375 678">Балалар күшік пен мысықтың суретін табады</p> <p data-bbox="954 745 1375 786">Үйінде бар балалар айтады.</p> <p data-bbox="954 808 1375 880">-Мен мысығымға сүт беремін. Ал күшігім етті жақсы көреді.</p> <p data-bbox="954 902 1375 996">-Мен өзімнің мысығымның дауысын саламын. Ол «мияу-мияу» деп дыбыстайды.</p> <p data-bbox="954 1019 1375 1081">Менің күшігім «әуп-әуп» деп үреді.</p> <p data-bbox="954 1216 1375 1279">Балалар ертегіні көңіл қойып тыңдайды.</p>

<p>Жетекші жөндеуші</p>	<p>дейді күшік. Екеуі бір топ жылқыны көреді. -Мысық маған қара, құлағым, көзім, құйрығым қандай? Көзің бозарып, құлағың сылпиып, құйрығың салпақтап тұр. Күшік: -Қара маған не қыларымды?-деп жылқыға жабыса кетеді. Жылқы маңдайынан бір тебеді. Күшік сол арада ұшып түседі. Сонда мысық: -Әй, мақтаншак, әліңе қара, сен қасқыр бола алмайсың,-дейді. Ертегі мазмұнын сұрау. -Балалар сендерге ертегі ұнады ма? -Ертегі кейіпкерлерін атап беріңдерші? -Күшік келе жатып неге жолығады? -Қасқыр не дейді? -Күшік не дейді? -Екеуі келе жатып нелерді көреді? -қасқыр не жейді? -Тойған қасқыр күшікке не дейді? -Іші пысқан күшік неге жолығады? -Мысыққа не дейді? -Мысық не дейді? -Күшік жолда нелерді көреді? -Жылқыға күшіктің шамасы келе ме? -Міне, балалар, «әлің білмеген әлек» деген осыдан қалған екен. Сергіту сәті: Керіледі мысық, Көзін жаймен қысып, Жүгіреді күшік, Аула ішін кезіп. Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін тауып олардың қай ертегіден екенін тап» Ойын шарты: ертегі кейіпкерлерін қандай ертегіде кездесетінін айту. Балалар сендер қандай ертегі тыңдадыңдар? -Ертегідегі кейіпкерлерді атаңдаршы? Балаларды мадақтап, қорытындылау</p>	<p>иә, ұнады. -күшік, мысық, бұзау, жылқы, қасқыр. -қасқырға -сені жеймін дейді. -жеме алдымен тойдыр дейді. -сиырларды көреді. -бұзауды жейді. -кете бер сені жемеймін дейді. -Мысыққа сені жеймін дейді. -мені тойдыр –дейді. -жылқыларды көреді. -жоқ шамасы келмейді. . Өлең мазмұнына сәйкес кимылдар жасайды. Балалар қайталайды. ертегі кейіпкерлерінің қандай ертегіден екенін табады. Тапсырманы орындайды Күшік пен мысық ертегісін. -Қасқыр, күшік мысық, жылқы.</p>
--------------------------------	---	---

Күні: 27.10.21ж

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Мақтаншақ Қоян»

Мақсаты: Балаларға ертегіге қызығушылық таныта алады, сахналап береді, рөлдерге бөліп ойнайды

Күтілетін нәтиже: Балаларға ертегіге қызығушылық танытты, сахналап берді, рөлдерге бөліп ойнады

Әдістері: сұрақ-жауап, сахналық көрініс, машықтық іс-әрекет

Көрнекілігі: слайдтертегі суреттері,

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Мотивациялық қозғаушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденіс</p>	<p>---Балалар бүгін біз өткен ертегілерді есімізге түсірейікші?!</p> <p>Слайдтан ертегі суреттерін көрсетемін.</p> <p>«Мақтаншақ Қоян»</p> <p>ертегісін мен сендерге айтып беремін.</p> <p>Орманда бір қоян өмір сүріпті. Ала жаздай сайраңдап, тоғайдағы жеміс-жидектерді теріп жеген ол, қыс түссе қарны ашып, ауылға арпа ұрлауға барады екен.</p> <p>Бір күні ол ауыл шегіндегі тұратын шаруаның үйіне ұрлыққа келеді. Қорасына кірсе, қаптаған қоян. Ол мақтана бастайды:</p> <p>— Сендер үйде тұрсандар қайтейін?! Мен сендерден бәрібір артықпын. Менің мұртым — мұрт-ақ! Сендердікіндей емес! Ал, табаным мен тістерім ше? Сендердікі салыстыруға да келмейді... Мен ешкімнен қорықпаймын!</p> <p>Үй қояндары мақтаншақ қоянның қылығын Қарға тәтелеріне айтып береді. Ол бөспе қоянды жазаламақ болып, іздеп тауып алады. Даңғой қоян шошып кетеді:</p> <p>— Қарға тәте! Тиіспеші. Мен енді мақтанып, елдің мазасын алмайтын боламын!</p> <p>— Солай де! Босқа мақтанба! Елден ерекшелігіңді бос сөзбен емес, ісіңмен көрсет! — дейді Қарға.</p> <p>Арада біраз күн өткен соң, бірде қараса, әлгі қарғаны иттер талап жатыр екен... Жаны ашып кеткен қоян құтқармақ болады. Иттердің назарын өзіне аударып, тұра жүгіреді. Қарғаны тастай салған иттер қоянды қуа жөнеледі. Ол қашып құтылады.</p> <p>Қоянның ерлігіне риза болған қарға оған келіп жолығып:</p> <p>— Рақмет саған! Сен мақтаншақ емес екенсің, мақтауға тұратын ер екенсің! — деп ризашылығын білдіреді.</p> <p>-Балалар енді рөлдерге бөлініп ертегіні ойнап шығайық</p>	<p>Балалар қандай ертегі кейіпкелері екенін тауып айтады.</p> <p>Ертегіні тыңдайды</p>
<p>Жетекші-жөндеуші</p>	<p>- Ертегілер елі сендерге ұнады ма?</p> <p>- Біз тамашалаған ертегі қалай аталады?</p> <p>- Ертегідегі қай кейіпкер ұнады?</p> <p>- Бұл ертегіден біз не үйрендік?</p> <p>.</p> <p>Балаларды мадақтау</p>	<p>Ертегіні рөлдерге бөлініп ойнайды</p> <p>Балалар сұрақтарға жауап береді</p>

Күні: 03.11.21ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер еліне саяхат

Тақырыбы: Әтеш пен тоты (ертегі)

Мақсаты: Ертегіні зейін қойып тыңдай алады,ертегі кейіпкерлерінің жақсы – жаман қасиеттерін ажырата алады

Күтілетін нәтиже: Ертегіні зейін қойып тыңдады,ертегі кейіпкерлерінің жақсы – жаман қасиеттерін ажырата алды.

Сөздік жұмыс: Қораз, тотықұс.

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p data-bbox="94 465 320 530">Мотивациялық-козғаушылық</p> <p data-bbox="94 667 349 732">Ұйымдастырушы-ізденушілік</p>	<p data-bbox="400 465 1110 640">Жұмбақ жасыру. Бұрап қойған сағаттай, Айқайлайды таң атпай. (әтеш)</p> <p data-bbox="400 663 1110 1014">Ертегі оқу: "Әтеш пен тоты" Ерте, ерте, ертеде ешкі құйрығы келтеде, аң мен құстарлық ішіндегі ең әдемісі, сымбаттысы әтеш болыпты. Сондықтан ол өте тәкаппар екен. Жүріп тұрса да маңғзданып, сыландай басады екен. Қоқыраяды да жүреді. Бірде-бір аңмен не құспен сөйлеспейді. Жалғыз серігі Тотықұс болыпты. Тоты байғұстың үстінде жөні түзу киімі де жоқ екен. Бір күні тоты әлгі кербез әтешке келіп: Досым мен бүгін қонаққа бармақ едім. Жөнді киімімде жоқ. Мына түріммен қалай барамын. Мені сенің досың деп білетін ел мазақтайды ғой. Маған үстіндегі әдемі киіміңді бере тұршы,-деп қиыла жалыныпты. Әтеш досының сөзіне сеніп, үстіндегі әдемі киімдерінің бәрін шешіп беріпті. Сөйтіп тотықұс жасанып тұрып киініп алды да, қай мезгілде келетінін айтады. Егер мен кешіксем, дауыстап шақыр, дауысыңды естейін – дейді. Сөйтіп, Тотықұс әсем киініп тойға кетеді. Бірақ ол қайтып оралмайды әтеш ол естісін деп үсті-үстіне шақырады. Ешқандай хабар болмайды. Содан күні бүгінге дейін әтеш тотықұспен әдемі киімін іздеп, таң атысымен, күн батқанға дейін айқайлап шақыра береді екен.</p> <p data-bbox="632 1597 884 1630">Сергіту жаттығуы.</p> <p data-bbox="604 1653 911 1839">Қанатытымды жазамын, Жоғары-төмен қағамын. Биік көкте ойналып,</p> <p data-bbox="576 1861 940 1895">Жұлдыздай жылдам ағамын.</p> <p data-bbox="400 1895 1062 2063">Ойын: "Ұшты-ұшты" Мақсаты: баланы тез ойнатуға және ұшатын немесе ұшпайтын затты ажырата білуге үйрету. Шарты: ұшатын заттарды тез анықтап, екі қолын жоғары көтеру керек.</p> <p data-bbox="499 2123 1110 2157">Балалар, сендерге бүгінгі оқу қызмет ұнады ма?</p>	<p data-bbox="1211 465 1378 530">Жұмбақтың жауабы: әтеш</p> <p data-bbox="1187 768 1402 866">Ертегіні мұхият қызығушылықпен тыңдады</p> <p data-bbox="1142 1906 1450 2004">Ойынға қызығушылықпен түгел ойнады</p>

Жетекші-жөндеуші	Ертегі не жайлы айтылды? Құстарға қандай қамқорлық жасауға болады? Әтеш кіммен достасыпты? Тоты әтешке берген сөзінде тұрды ма? Әтеш неге таң атысымен айқайлап шақыра береді екен?	Сұрақтарға жауапбереді
-------------------------	---	------------------------

Күні:10.11.22ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Бауырсақ»

Мақсаты:Балаларды ертегіні әңгімелей, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта алады.

Күтілетін нәтиже:

Балаларды ертегіні әңгімелей, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта алады.

Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.

Сөздерді анық айтады.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	-Балалар, сендер ертегілерді көп білесіңдер ме? -Ертегілерді жақсы көресіңдер ме? -Балалар ертегілерді естеріңе түсіріңдерші, олар қалай басталушы еді? - Олай болса мен сендерге бүгін бір тамаша ертегіні айтып беремін, сендер мұқият тыңдандар.	- Әрине. - Иә. - Ерте, ерте, ертеде ...
Іздену-ұйымдастырушы	Тәрбиеші: - Бүгінгі сендермен танысатынымыз “Бауырсақ” ертегісі. - “Бауырсақ” ертегісінде қандай кейіпкерлер бар? - Ертегі не жайында екен? - Бауырсақты кім пісіреді? - Бауырсақ қандай әрекет жасады? - Оның бұл ісі дұрыс па? - Ол жолда кімдерге кез болады? - Түлкі бауырсақты қалай жеп қояды? - Балалар сендер басқа қандай ертегі білесіңдер? Сөздік жұмыс. Құрылымдалған ойын Ойынның шарты: үстел үстіндегі суреттер бойынша ертегідегі кейіпкерлерді құрастырады.	Тәрбиешінің айтқанын тыңдай отырады. Балалар жауабы: - бауырсақ, ата, әже, қоян, аю, қасқыр, түлкі. Балалардың жауабы: Ата-әжесінен қашып кетті. Сөздердің мәнін түсініп естерінде сақтайды. Әр түрлі пішіндерден ертегі кейіпкерлерін құрастырады.
Жетекші жөндеуші	Қорытынды. - Ертегіге қандай кейіпкерлер қатысты? - Балалар, сендер де осы бауырсақтың ісін қайталамау үшін қандай болуларың керек? Жақсы жауап берген балаларды мадақтау.	Балалар сұрақтарға жауаптар береді. Балалардың жауабы: Ақылды болуымыз керек.

Күні:17.11.21ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Бауырсақ, бауырсақ мен сені жеймін.»

Мақсаты:Ертегінің желісі бойынша сұрақтарға жауап бере біледі,мазмұндайды.Олардың дауысын салып қызыға ойнау дағдыларын қалыптасады.

Күтілетін нәтиже:

Ертегі кейіпкерлеріне мінездеме беруге үйренді.Ертегіні тыңдайды,мазмұндады.

Өз ойларын жеткізе алды.

Сөздік жұмыс: аңқау, қорқақ, қу, ашулы.

Көрнекіліктер: кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Шаттық шеңбері. - Балалар ертегілер еліне енеміз. - Балалар сендер басқа қандай ертегі білесіңдер?	Тәрбиешінің айтқандарын тыңдай отырып, таныс ертегілердің кейіпкерлерін атайды.
Іздену-ұйымдастырушы	Тәрбиеші: - Бүгінгі сендермен танысатынымыз “Бауырсақ” ертегісі. Ертегіні оқып отырып, балаларға түсіндіру. - Балалар, осы “Бауырсақ” ертегісінде қандай кейіпкерлер бар? -Ертегі не жайында екен? -Бауырсақты кім пісіреді? -Бауырсақ қандай әрекет жасады? -Оның бұл ісі дұрыс па? -Ол жолда кімдерге кез болады? -Түлкі бауырсақты қалай жеп қояды? -Балалар сендер басқа қандай ертегі білесіңдер? Сергіту сәті: <u>Құрылымдалған ойын</u> Ойынның шарты: үстел үстіндегі суреттер бойынша осы ертегідегі кейіпкерлерді құрастыру.	Ертегіні тыңдай отырып ертегі мазмұнына сәйкес жауап береді, ертегі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін талқылайды. Балалар жауабы: бауырсақ, ата, әже, қоян, аю, қасқыр, түлкі. Балалардың жауабы: Ата-әжесінен қашып кетті. Жаңа сөздердің мәнін түсініп естерінде сақтайды. Әуенмен бауырсақты айналып билеу.
Жетекші жөндеуші	Қорытынды. Балаларды мадақтау. -Балалар, сендер де осы бауырсақтың ісін қайталамау үшін қандай болуларың керек?	Балалардың жауабы: - Ақылды болуымыз керек.

Күні:24.11.21ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Үш аю» ертегісі.

Мақсаты: ертегіні әңгімелей біледі.

Күтілетін нәтиже: ертегіні әңгімелей білді

Әдіс-тәсілдер: таныстыру, түсіндіру, ойынмен қызықтыру, сұрақ-жауап,

Көрнекіліктер: орман, тоғай, үйдің және кейіпкерлердің суреті.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балалар, мен сендерге бүгін өте тамаша ертегіні айтып беремін. - Ал, сендер мұқият тындап отырыңдар.	Балалар қызығушылық танытады.
Іздену-ұйымдастырушы	- Балалар! Сендер ертегілер еліне саяхатқа барғыларың келеме? Балалар сендерге Үш аю ертегісін айтып беремін. Ертегіні әңгімелеу: Ертеде бір кішкентай қыз болыпты. Бірде ол орманға барып, адасып кетеді. Қайтар жолды іздеп жүріп, қалың ағаштар арасында тұрған ескі үйге кезігеді. Есігі ашық тұр. Қыз ішке кіреді. Бөлмеде ешкім көрінбейді. Бұл үйде үш аю тұратын. Ең үлкені, әкесі – Михаил Иванныч, одан кейінгісі, шешесі – Настасья Петровна және олардың баласы – кішкене қонжық. Үшеуі бұл кезде орман аралап, серуендеп кеткен- деп ертегі айтып береді - Мынау кімнің үйі? - Мында кімдер тұрады? Дұрыс, сендер өте ақылдысындар! - Балалар сендер шаршадыңдарма? Ендеше бәріміз орнымыздан тұрып, бойымызды сергітіп алайық! Сергіту сәті: <i>Қорбандаған аюдың Құлпынайы көп екен Теріп, теріп алайық Қалтамызға салайық</i>	Иә , барамыз Тыныш отырып мұқият тындайды. - Аюдың. - Папасы, Мамасы, Баласы - Иә.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ –жауап арқылы сабақта түсінгендерін сұрау. Балаларды мадақтау.	Балалардың тақпағы: Сұрақтарға жауаптар береді.

Күні:08.12.21ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Қане досым, сөзге қосыл».

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, рөлдерін бөлу. Мазмұндаулары мен тілдерін дамыту.Мейірімді, тату-тәтті -, дос болуға үйрету.

Күтілетін нәтиже: Ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін сомдай алады.

Сөздік жұмыс: үш, аю, үлкен, орташа, кішкентай.

Әдіс – тәсілдер: ойынмен қызықтыру, сурет арқылы, сұрақ- жауап.

Көрнекіліктер: Фланелеграф, суреттер.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Дидактикалық ойын «Ненікі?» Мақсаты: кейіпкерлер тандап, тілдерін дамыту, 3 қасық пен 3 тәрелке тарату.	Балалар үстел үстінде отырып айтады: «Бұл менің қасығым!..... Мен онымен сорпа ішемін!»
Іздену-ұйымдастырушы	1) - Балалар, ертегінің кейіпкерлерін атап шығайықшы – Михаил Потапыч, Настасья Петровна, қонжық және Маша. 2) Балаларды тақтаға шақырып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып ойларын түйіп айтқызу. 3) Балалардың түсінгеніне қарай, жақсы қатысқанына қарай 5 кейіпкерлерді тандап, рөлдерін беру. Сергіту сәті.	Балалар білетін аңдарды атайды. Олардың мекендерін айтады. Кейіпкерлерге мінездеме береді. Көрініске қатысады. Ойын ойнай отырып, артық заттарды тауып көрсетеді. Сөздерді қайталай отырып, қимылмен көрсетеді.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ –жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау.	Сұрақтарға жауаптар береді.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Кейіпкер образын көрсетеді, композиция құрады.

Түсінеді: Кейіпкерлердің іс - әрекеттерін, әсерлі – көңіл күйлерін көрсетеді .

Қолданады:Рөлдерді дұрыс орындайды.

Күні: 15.12.21ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер еліне саяхат

Тақырыбы: «Үш аю» ертегісін сахналау.

Мақсаты: Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс - әрекеттерін, әсерлі көңіл-күйлерін білдіре отырып сезімдерін көрсету. Рольдерді дұрыс орындауын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашық көрсете білуге үйрету.

Күтілетін нәтиже: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.

Әдіс- тәсілдер: сахналау, сұрақ-жауап,

Көрнекіліктер: Ширма, атрибуттар.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балаларға сұрақтар қояды. - Балалар, сендер қайда келдіңдер? - Балабақшада не істейсіңдер? - Балабақшада ұнайдыма? - Балалар, сендер қалай ойнайсыңдар?	Балалар қызығушылықпен жауап береді. - Біз балабақшаға келдік. - Ойнаймыз, өлең айтамыз, бейлейміз, ертегі тыңдаймыз. - Балабақша ұнайды. - Бірге, тату ойнаймыз.
Іздену-ұйымдастырушы	- Балалар, сендер қандай ертегілер білесіңдер? - Ертегі тыңдаған ұнайдыма? Сергіту сәгі - Ал менің қолымдағы кітап жай кітап емес сиқырлы кітап. Бұл сиқырлы кітапта «Үш аю» ертегісі бар. Балаларға ертегіні 2-3 рет қайталап оқып беру.	Бауырсақ, Қызыл телпек, Түлкі мен тырна. - Ия. Аңдардың қимыл қозғалыстарын балалар көрсетеді. Оқыған ертегіні балалар мұқият тыңдайды . Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.
Рефлексивті-коррекциялаушы	- Балалар, ертегі не жайлы? - Қызбен не болады? - Қыз кімнің үйіне барады? - Ертегі сендерге ұнадыма? Ойын «Аюдың апанында» Жақсы ат салысқан балаларды мақтап, мадақтайды.	Тәрбиешінің сұрақтарын балалар жауап береді - Қыз орманнан жоғалып кетеді. - Аюдың үйіне барады. - Ия. Балалар ойынға бәрі бірге қатысады.

Күні:22.112.21ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Көз көруге тоймайды, құлақ естуге тоймайды».

Мақсаты: Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып, сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы – іс - әрекеттерін, әсерлі – көңіл-күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Рөлдерді дұрыс орындауын қадағалау. Қиялдарын, эстетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру. Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге,оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу. Кейіпкер образын көрсете білуге, композиция құрауға үйрету, ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын арттыру.

Сөздік жұмыс: қоян, қасқыр.

Әдіс-тәсілдер: Өңгімелеу, көрсеті, түсіндіру, сахналау.

Көрнекіліктер: Сахна, кейіпкерлер атрибуттары, көрме.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Қонаққа сикыршы келеді. - Сәлеметсіңдер ме, балалар? Мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Мен сендердің бүгінгі ертегілеріңді тамашалауға келдім. - Бүгін біз «Қасқыр мен қоян» ертегісін сахналаймыз. Кейіпкерлер келіндер қайдасыңдар?	Сұрақтарға жауаптар береді.
Іздену-ұйымдастырушы	1) Балаларға қасқыр мен қоян ертегісін естеріне түсіру. Тандалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару– қоян мен қасқырды. 2) Балаларды ширма жанына шығарып, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтқызу. Қалған балалар көрермен ретінде тамашалауға отырғызу. 3) Балалар сөздерді ашық, анық, бар эмоциямен сахналатқызу. Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкерлер атрибуттарын қарсы алғызу. Сергіту сәті.	Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Көрермендер кейіпкерлерді бағалау. Сұрақ – жауап. Мадақтау.	Сұрақтарға жауаптар береді.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Ертегі әлеміне қызығушылық білдіріп, мағынасын түсінеді.

Түсінеді: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл қозғалысын келтіріп ойнайды.

Қолданады: Сөздерді анық айтады, есте сақтауды үйренеді.

Күні:29.12.21ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Білім беру саласы: Қатынас.

Тақырыбы: «Қу түлкі мен қорқақ қоян».

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін дұрыс, анық айту, сөйлеу мүшелерін дұрыс қолдана білуге жаттықтыруды, сөздік қорын дамыту, ертегі туралы алған білімдерін, ойын-жаттығу арқылы тиянақтау. Атрибуттар арқылы кейіпкерлер іс-әрекеттерін, әсерлі көңіл – күйлерін білдіре отырып, тілдерін дамыту, ой-өрістерін кеңейту. Ойын арқылы балалардың көңіл-күйлерін көтеру.

Сөздік жұмыс:

Қостілдік компонент:

Әдіс-тәсілдер:

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	<u>Тосын сәт:</u> Қонаққа ит келеді. - Сәлеметсіңдер ме, балалар? Ит: - Менімен ешкім дос боғысы келмейді, бәріде қорқады. - Балалар біз иттен қорқамыз ба?	- Сәлеметсің бе, ит. Саған не болды, сен неге сондай көңілсізсің? - Біз қорықпаймыз, сенімен дос боламыз.
Іздену-ұйымдастырушы	- Бүгін біз «Түлкі мен қоян» ертегісін сахналаймыз. Сен келіп балалармен тамашала. Балаларға «Түлкі мен қоян» ертегісін естеріне түсіру. Балаларды ширма жанына шығарып, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтқызу. Қалған балаларды көрермен ретінде тамашалауға отырғызу. <u>Сергіту сәті:</u> Көрермен балаларға сұрақ қойып, түсінгендерін тексеру.	Балалар Итті шақырады. Сұрақтарға жауап береді. Таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару – қоян мен түлкіні. Балалар сөздерді ашық, анық айтады. Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкер атрибуттарын қарсы алу.
Рефлексивті-коррекциялаушы	-«Балалар рахмет сендерге, мен бірсыпыра қуанып, көңіл көтеріп қалдым. Кеш батпай үйіме қайтайын. Сау болыңдар!» - деп кетіп қалады. Кейіпкерлерді бағалау, мадақтау.	Кейіпкерлерді бағалау, мадақтау. Балалар көргендерін, түсінгендерін тексеру.

Күтілетін нәтиже:

Ұғынады:Суретке қарап мазмұнын түсіне біледі.

Түсінеді: Ертегідегі кейіпкерлердің сөз мәнерін, қимыл-қозғалысын ойнап келтіреді.

Қолданады: Сөздерді анық айтып, есте сақтайды.

Күні 05.01.22ж

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Қолғап» ертегісі.

Мақсаты: үстел-үсті театры арқылы ертегінің мазмұнын түсінеді.

Күтілетін нәтиже: үстел-үсті театры арқылы ертегінің мазмұнын түсінді.

Көрнекілігі: Ертегі кейіпкерлері қуыршақ театры

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Мотивациялық қозғаушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденіс</p>	<p>Балалар қазір біз «Қолғап» ертегісін үстел үсті театры арқылы тыңдап, тамашалап көрейік</p> <p>«Қолғап» ертегісі Тақырыбы: «Қолғап» ертегісі.</p>  <p>Балалар: Тышқан, бақа, қоян, түлкі, қабан, қасқыр, аю. Балалар бұлар қай ертегінің кейіпкерлері? Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар. Ертегіні балалар жақсы көреді. Ертегіні балалар қонаққа шақырды. Ертегі бізге қонаққа келді. Біздің бүгінгі ертегіміз қалай аталады? Балалар: «Қолғап» Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар. Ал, балалар біздің бүгінгі «Қолғап» ертегіміздің кейіпкерлері сендер боласыңдар. Ерте, ерте, ертеде орманда жәндік, жануар, аңдар өмір сүріпті. Олар тышқан, бақа, қоян, түлкі, қабан, қасқыр, аю.</p> <p>Тәрбиеші: Болады екен орманда неше түрлі ғажайыптар. Бір күні шал итімен келе жатып, орманда қолғабын жоғалтып алыпты. Қолғап жаңа, жылы, жұмсақ болыпты. Қолғапты көріп қалған тышқан қолғапқа жүгіріп келеді. Тышқан: Мен суықта тоңып жүрсем. Қандай әдемі, жаңа, жылы қолғап. Мен енді осында тұрамын. Шыршалардың арасынан бақа шығады. Бақа: Қолғапта кім тұрады? Тышқан: Қап тесер тышқан тұрады. Ал сен кімсің? Бақа: Мен секек бақамын. Қолғапқа мені де кіргізіші. Тышқан: Мұнда орын жетеді. Шыршалардың арасынан қоян шығады. Қоян: Қолғапта кім тұрады? Тышқан: Қаптесер тышқан тұрады. Бақа: Секек бақа тұрады. Ал сен кімсің? Қоян: Мен зымырауық қоянмын. Мен де қолғапқа кіргізіңдерші. Мен суықта тоңдым. Бақа: Бізде орын жетеді. Кір қоян. Қолғапқа түлкі бикеш келеді. Түлкі: Қолғапта кім тұрады? Тышқан: Қаптесер тышқан тұрады. Бақа: Секек бақа тұрады. Қоян: Зымырауық қоян тұрады. Ал сен кімсің? Түлкі: Мен түлкі бикешпін. Менде қолғапқа кіргізіңдерші. Мен суықта әбден тоңдым. Маған көмектесіңіздерші.</p>	<p>Балалар еретгі тыңдауға қызығушылығын білдіреді</p> <p>Ертегіні тыңдайды</p>

<p>Жетекші-жөндеуші</p>	<p>Қоян. Мұнда орын жетеді. Қолғап жылы, жаңа, жұмсақ кел кір түлкі. Шыршалардың арасынан қасқыр шығады. Қолғапта кім тұрады? Тышқан: Қаптесер тышқан тұрады. Бақа: Секек бақа тұрады. Қоян: Зымырауық қоян тұрады. Түлкі: Түлкі бикеш тұрады. Ал сен кімсің? Қасқыр: Мен қасқырмын. Мені де кіргізіндерші. Бізде орын жетеді. Кел, кір қасқыр. Қолғапқа қабан келеді. Қолғапта кім тұрады? Тышқан: Қаптесер тышқан тұрады. Бақа: Секек бақа тұрады. Қоян: Зымырауық қоян тұрады. Түлкі: Түлкі бикеш тұрады. Қасқыр: Қасқыр тұрады. Ал сен кімсің? Қабан: мен сояу тісті қабанмын. Мені де қолғапқа кіргізіндерші. Қабан қолғапқа кіреді. Шыршалардың арасынан аю шығады. Аю: Қолғапта кім тұрады? Тышқан: Қаптесер тышқан тұрады. Бақа: Секек бақа тұрады. Қоян: Зымырауық қоян тұрады. Түлкі: Түлкі бикеш тұрады. Қасқыр: Қасқыр тұрады. Қабан: Сояу тісті қабан тұрады. Ал сен кімсің? Мен аю аталарыңмын. Мені де кіргізіндерші. Тышқан: Жоқ! Бақа: мұнда орын жоқ! Қоян: сен дәусің қалай кіресің? Аю: Қолғапқа кіреді. Тәрбиеші: Жоғалған қолғабын шал есіне алып: итіне артқа қайт, жоғалған қолғапты тап деп бұйырады. Ит әуп-әуп-әуп. Ей сендер құстарсыңдар ма, әлде аңдар? Қолғаптан тез шығыңдар. Шал мылтықпен келеді. Қолғапты алып кетеді. Балалардан ертегіден түсінгенін сұрақ-жауап алу арқылы білемін, мадақтаймын, қорытындылаймын</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді</p>
--------------------------------	--	--------------------------------

Күні 12.01.22

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Жеті лақ және қасқыр» ертегісі.

Мақсаты: «Қасқыр мен жеті лақ ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бүлдіршіндердің қызығушылығын ояту. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту. Ертегінің мазмұнын еске түсіре отырып, тілдік қорларын байыту, ой өрістерін дамыту. Сұрақ - жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру. Мимиканың дидактикалық ойын арқылы эмоциялы шығарылауын дамыту. Көңіл – күйлерін көтеріп, аяушылық сезімге, қамқоршы болуға тәрбиелеу..

Күтілетін нәтиже:

Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды. Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Сөздік жұмыс: тоғай, лақ, ешкі, қасқыр.

Әдіс –тәсілдер: Сұрақ –жауап, әңгімелесу, ойын, сергіту, мадақтау, қорытындылау.

Көрнекіліктер: Фланелеграф, суреттер, ойыншық жеті лақ, ешкі, қасқыр.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балаларға суретті көрсетіп: - Бүгінгі жаңа ертегімен танысамыз « Қасқыр мен жеті лақ». - Балалар қасқыр туралы не білесіңдер? - Қандай жануар? - Ешкі, лақ қандай жануар? - Лақ туралы қандай өлең, тақпақ білесіңдер.	Балалар суретке назар аударады. - Қауіпті аңдарға жатады. - Жабайы жануар. - Үй жануарлары. - Етімен, сүтімен пайдалы. <i>Лағым-ау лағым, Ерке тотай шұнағым. Ағаштарды кемірсең, Құлағыңды жұламын.</i>
Іздену-ұйымдастырушы	Ертегінің атын атау: «Жеті лақ ...» Кейіпкерлерді атап таныстыру: - Ешкі, лақ, қасқыр сөздері Ертегіні әңгімелеу: фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып түсіндіру. Дидактикалық ойын(мимикалық) Мақсаты: кейіпкерлердің көңіл күйін салғыздыру. - ешкінің өтініші, - лақтардың ақылдылығы, - қасқырдың алдауы. Сергіту сәті:	Сөздерді қайталайды. Ертегінің мазмұнын мұқият тыңдап отырады. Ойынға белсенді қатысады, әр кейіпкердің образына еніп, оның көңіл-күйін көрсетеді. <i>Көлбең, көлбең көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем. Қасқыр қалай жүреді, Қасқыр былай жүреді.</i>
Рефлексивті-коррекциялаушы	Қорытынды: - Балалар барлығымыз ертегіні жақсы түсіндік пе? - Қызықты болды ма?	

Күні 19.01.22ж

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Лақтарым менің, айналайын, лақтарым менің!»

Мақсаты:Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлерін таңдау, Ойын арқылы рөлдерге бөлу, кейіпкерлердің сөздерін дұрыс айтуға үйрету және тілдерін дамыту. Мәнерлі сөйлесу дағдыларын жетілдіру, шығармашылыққа жете көңіл бөліп, баланың жеке-дара ерекшелігіне назар аудару, сөз өнеріне, шешендікке баулу. Кейіпкерлер және олардың әрекеті жөнінде өзінің көзқарасын айта білуге үйрету. Фланеграф арқылы қызығушылықтар мен қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.

Мазмұндаулары мен, тіл байлықтарын байыту.

Мейірімді, тату- тәтті дос болуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

:Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Сөздік жұмыс:Өмір сүріпті – жыли-были, ешкі – коза, лақтар – козлята, үй – избушка, домик, шеше – мать, бабушка, сүт – молоко, қасқыр – волк.

Әдіс-тәсілдер: әңгімелесу, үсіндіру, өткенді қайталау, сурет жапсыру арқылы қызықтыру.

Көрнекіліктер: фланелеграф, кейіпкерлер суреті.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балаларға жұмбақ тапсыру: «сегіз тұяғы бар, иегінде сақалы бар» (ешкі)	
Іздену-ұйымдастырушы	Балалар «Жеті лақ және қасқыр» ертегісін естідіндер ме? Бірінші кейіпкерді атап шығайық: ешкі, лақ, қасқыр. - Бұл ертегіде кейіпкерлердің мінезі қандай? Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ойларындағы түйінін айтқызу. Балалардың түсінгендеріне, жақсы қатысқандарына қарай, кейіпкерлерді таңдап, рөлдерін беру. Сергіту сәті:	Балалар ертегі кейіпкерлерін аияйды. Ешкі – ақылды, жауапты. Лақтар – анасын тыңдайды, тіл алғыш. Қасқыр – жаман, жыртқыш, лақтарды жегісі келеді. <i>Шөре – шөре лағым.</i> <i>Тентек болма шырағым,</i> <i>Секектеме, деміңді ал.</i> <i>Селтеңдемей құлағың.</i>
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау. - Бұл ертегіде сендерге кім ұнады? - Лақтары кіммен қалады?	Балалардың жауаптары. Балалар ойларымен бөліседі, түсінгендерін айтады.

Күні: 26.01.22ж

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Алақай, алақай! Анамыз келді, бізге сүт әкелді!

Мақсаты: Ертегіге деген қызығушылығын арттыру. Ертегіні қайталай отырып, таңдалған балаларға кейіпкерлер сөздерін айтып үйрету. Балалардың танымдық қабілеттерін дамыту. Оқылған шығарма желісін бұзбай әңгімелеуге үйрету. Баланы ойлауға, қорытынды жасауға, қиялдауға, сұлулықты тануға баулу.

Сөздерді дұрыс, анық, ашық айтатынын қадағалау, қимыл – қозғалыстарын көрсете білуін дамыту. Бір – біріне қиын жағдайда көмектесіп, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Сөздік жұмыс: ешкімге ашпандар, темір ұста, ешкі, лақтар, алдады.

Қостілдік компонент: Дыбыс – голос, темір ұста – кузнец, ор – яма, қарын – брюхо, жиналды – собралась, ешкімге ашпандар – никому не отпирайте.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, өткенді қайталау, сұрақ – жауап.

Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балаларға жұмбақ жасырады: <i>Жарға шығып ойнайды, Ойыныңа бір тоймайды. Болса – дағы саналы, Секеңдеуді қоймайды.</i> - Жақсы, дұрыс шештіңдер. <i>Ақ, ақ секеңдейді лақ.</i>	Жұмбақтың шешімін табады. - Ешкі.
Іздену-ұйымдастырушы	Балаларға ешкі, лақтар және қасқыр ертегісін естеріне түсіру. Таңдалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару: жеті лақ (Балаларды) олардың қуаныштарын бөлісуі. Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, сөздерін айтқызу. 3. Балаларға сөздерін ашық, анық бар эмоциямен айтқызу. III Сергіту сәті	Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы сабақты қорыту. Балаларды мадақтау, бағалау.	Сұрақтарға жауаптар береді.

Күні: 02.02.22

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Жеті лақ және қасқыр» ертегісін сақналау.

Мақсаты: Қасқыр мен жеті лақ ертегісінің үзіндісіне тоқтала отырып бұлдіршіндердің қызығушылығын ояту. Сөздік қорын молайту, тіл байлығын дамыту, есте сақтау, дүние танымын кеңейту. Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау. Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс әрекеттерін, әсер көңіл күйлерін білдіре отырып сезіндіріп көрсету. Қиялдарын, естетикалық талғамдарын, техникалық дағдыларын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Сөздік жұмыс: Есік қағу – постучать в дверь, жорту – рыскать, тыңдау – слушать, ән айту - петь, алдау – обхитрить, күтті - дождался

Әдіс-тәсілдер: Атрибуттармен қызықтыру, түсіндіру, өткенді қайталау.

Көрнекіліктер: ширма, кейіпкерлер атрибуттары.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Ертегі атрибуттарымен таныстырады. - Балалар бұл кім? - Ал мынау кім? - Ал мынау ше? - Балалар бұл кейіпкерлер қандай ертегі де ойнады?	Балалар қызықтап тамашалайды. - Ешкі. - Лақтар. - Қасқыр - «Жеті лақ және қасқыр» ертегісінде.
Іздену-ұйымдастырушы	Балаларға жеті лақ және қасқыр ертегісін естеріне түсіру таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару. - Бұл ертегіде: Үй жануарларына жатады. Етімен, сүтімен бізге пайдалы. Ешкі мейрімді анасы боласың, ал лақтар – ақылды, тіл алғыш боласыңдар. - Ал қасқыр – жаман, айлакер, жыртқыш болады. Жабайы жануар, Қауіпті аңдар қатарына жатады. Балаларды ширма жанына шығарып, сөздерін айтқызу. Қалған балалар көрермендер ретінде тамашалауға отырғызу. Балалар сөздерді ашық, анық бар эмоциясымен сахналатқызу.	Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Балалар тақтаға шығады. Кейіпкерлерге мінездеме береді. Кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерді қайталайды. Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкерлерді қарсы алады.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы ертегіні сақтау. Қуанышты екенін айтып ескерту. Балаларды мадақтау, бағалау.	

Күні 09.02.22ж

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Білім көзі: Ертегілер елінде

Білім беру саласы: Қатынас

Сабақ түрі: Ертегілер әлемінде.

Тақырыбы: «Алтын айдарлы әтеш» ертегісі».

Мақсаты: Ертегі мазмұнымен таныстыру. Сұрақ-жауап арқылы ертегіні терең түсіндіру.

Міндеттері: а) Ертегінің не жайында баяндалғанын, қалай аяқталғанын, көмекші сұрақтарға сүйеніп, ауызша талдап, мәнісін түсіндіріп баяндауға үйрету.

Оқылған шығарма желісін бұзбай әңгімелетуге үйрету, мәнерлі сөйлеу дағдыларын үйрету. Шығармашылыққа жете көңіл бөліп, баланың жеке-дара ерекшелігіне назар аударту. Кейіпкерлер және олардың әрекеті жөнінде өзінің көзқарасын айта білуге үйрету.

Күтілетін нәтиже:

Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.

Ұжымдық жұмыстың дағдылары. Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері, Шопан ата қуыршағы.

Сөздік жұмыс. Айдарлы, оттық (қорадағы), сұлу, жетіген.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Қонаққа Шопан ата келді, Шопан ата, біз сіздің келгеніңізге өте қуаныштымыз. - Балалар, сендер ертегіні көп білесіңдер ме? - Ертегіні жақсы көресіңдер ме? Жұмбақтар жасырады. - Ендеше «Алтын айдарлы әтеш» ертегісін тыңдаңдар.	Балалар амандасады. - Әрине. - Иә. Ертегі кейіпкерінің табады.
Іздену-ұйымдастырушы	1. Кейіпкерлермен таныстыру. 2. Ертегіні айта бастау. Фланелеграфқа кейіпкер суреттерін жабыстыра отырып түсіндіру. Ертеде бір алтын айдарлы әтеш пен мысық дос болыпты, екеуі бір үйде тұрыпты. Әтешті, мысығы жоқта екі – үш рет түлкі алдап, алып кетеді. Тек мысық, үш рет барып, түлкіден қорғап, әтешін алып қайтады. 2) Д/о. Кейіпкердің көңіл-күйлерін салу (мимикалық). Мысалы: Әтеш, түлкіге алданып қалды. Түлкі – қу, айлакер Мысық – пысық, өжет, қамқоршы. III. Сергіту сәті. Әтеш әнге басады Әтеш ұйқы ашады.	Балалар қызығушылық білдіреді. Тәрбиешіні мұқият тыңдап отырады. Сұрақтарға жауап береді. Таңдалған кейіпкерлерді тақтаға шығару – қоян мен түлкіні. Балалар сөздерді ашық, анық айтады. Көрермендер қолдарын шапалақтап, кейіпкер атрибуттарын қарсы алу. Балалар екі топқа бөлініп, қай топ көп ертегі атаса, сол топ жеңіске жетеді. Қимылмен көрсетіп, орындайды.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін сұрау. - Балалар ертегі ұнады ма? - Қызықты ма? - Кәне балалар, алтын айдарлы әтешті қорғап қалған мысыққа қошеметтеп, қол соғып қояйық.	Сұрақтарға жауаптар береді.

Күні: 16.02.22ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер еліне саяхат

Білім беру саласы: Қатынас

Тақырыбы: «Жібек шашақты сақалы бар, майға батырып алған тәрізді басы бар».

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, кейіпкерлеін таңдау, рөлдерді бөлу.

Балаларға сөздері мен қимыл қозғалыстарын үйрету. Көркем сөздер арқылы балалардың тілін, сөздік қорын, байланыстыра сөйлеу қабілеттерін арттыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту, еске түсіру, ойлау т.б.

Фланелеграф арқылы қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.

Байқағыштыққа, жауапкершілікке, қайырымдылыққа, адамгершілікке, дос болуғатәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды. Ұжымдық жұмыстың дағдылары. Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Сөздік жұмыс: Әтеш, мысық, түлкі,

Көрнекіліктер: Фланелеграф, кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Жұмбақ жасыру: - <i>Ерте тұрады</i> <i>Жыр шақырыды.</i> - <i>От басында құмған,</i> <i>Екі көзін жұмған</i>	Балалармен - Әтеш. - Мысық.
Іздену-ұйымдастырушы	- Балалар, алтын айдарлы әтеш ертегісі естерінде ме? Суреттерді көрсете отырады. - Бұл ертегіде кейіпкерлердің мінездері қандай? Әтеш – аңқау. Мысық – ақылды, қамқор болады. Түлкі – қу, айлакер. - Ертегі соңында кім жеңеді? - Мысық па, әлде түлкі ме? - Әтешке кім көмектеседі? 2) Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, ой түйінін айтқызу. 3) Балалардың қабілеттеріне қарай кейіпкерлерді таңдап, рөлдерді беру.	Балалар ертегі мазмұнын естеріне түсіреді. Кейіпкерлерді атайды: - Әтеш, - мысық, - түлкі. - Мысық. Қандай мінез-құлықта болатынын айтады. Ертегіден көрініс үзіндісін сахналайды.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы сабақта түсінгендерін тиянақтау. - Бұл ертегіде сендерге кім ұнады? - Әтеш кіммен қалды?	Балалар сұрақтарға жауап айтады.

Күні: 23.02.22

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер еліне саяхат

Білім беру саласы: Қатынас

Тақырыбы: «Сымбатты әтеш».

Мақсаты: Ертегіні қайталай отырып, балаларға кейіпкерлер сөздерін диалог бойынша орындауға үйрету. Балалардың ойлау, шығармашылық қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту. Фланелеграф арқылы сөздерін дұрыс, анық, ашық айтуларын қадағалау, қимыл-қозғалыспен көрсете білуді дамыту. Қызығушылықтарын, қиялдарын, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Диалог бойынша орындайды.

Кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз жақтарын біледі.

Суреттер театрыарқылы қимыл-қозғалыспен көрсетеді.

Әдіс-тәсілдер: Түсіндіру, өткенді қайталау, тамашалау, сұрақ – жауап.

Көрнекіліктер: Суреттер театры, ойыншық Әтеш, кейіпкерлер суреттері.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Балалар бүгін біздің сабағымызға қонақ келеді. - Ол не екен? - Достар, бүгін мен сендердің топтарыңа, өзімнің сымбатты досым әтеш туралы айтайын деп келдім.	Балалар қызығушылық танытады. - Тауық. Балалар тыңдап отырады.
Іздену-ұйымдастырушы	Балалардың естеріне алтын айдарлы әтеш ертегісін түсіру. - Тандалған кейіпкерлерді (балаларды) тақтаға шығару. - Мысық қандай? - Әтеш қандай? - Түлкі қандай аң? - Қоян қандай? Түлкінің есту, иіс сезу қабілеті ерекше. Бірақ көзбен көруі - әлсіз. Балаларды тақтаға шығарып, фланелеграфқа кейіпкерлер суреттерін жабыстыра отырып, сөздерін айтқызу. Қате жерлерін түзетіп отыру.	- Мысық, түлкі, әтеш. - Мысық ақылды. - Әтеш – аңқау, ақымақтау - Түлкі – қу, айлакер. - Ең сүйікті: тышқан, көжек, балықпен қоректенеді. Кейіпкерлерді атайды. Балалар сөздерді ашық, анық айтады.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы сабақты қорытындылау. Балаларды мадақтау.	Сұрақтарға жауап береді.

Күні: 02.03.22ж

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер еліне саяхат

Білім беру саласы: Қатынас

Тақырыбы: «Алтын айдарлы әтеш» ертегісін сахналау.

Мақсаттары:

а) Ертегі туралы түсініктерін бекіте отырып сахналау.

Ертегідегі кейіпкерлердің рөлдерін дұрыс орындауларын қадағалау.

Ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорын молайту, өз бетінше жұмыс жасау дағдысын дамыту.

ә) Кейіпкерлер атрибуттары арқылы іс-әрекеттерін, көңіл-күй әсерін білдіре отырып, сезіндіріп көрсету.

Рөлдерді дұрыс орындауларын қадағалау.

Ұқыптылыққа, мейірімділікке, шеберлекке баулу, эстетикалық талғамын арттыру.

б) Кейіпкерлердің жан дүниесін түсіне білуге, оны ашып көрсете білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже:

Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды. Ұжымдық жұмыстың дағдылары.

Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Әдіс-тәсілдер: Көрсету, тамашалау, сұрақ – жауап, түсіндіру, әңгімелеу.

Көрнекіліктер: Сахна, кейіпкерлер атрибуттары.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-козғаушы	Сабаққа бір-бірден ертегі атрибуттары кіріп таныстырылады. - Балалар бұл кім? - Ал мынау кім? - Балалар бұл кейіпкерлер қандай ертегілерде ойнайды?	- Мысық. Балалар барлық кейіпкерлер атайды. - «Алтын айдарлы әтеш» ертегісінде.
Іздену-ұйымдастырушы	Балалардың естеріне «Алтын айдарлы әтеш» ертегісін түсіру. Бұл ертегіде мысалы: сен мысық – ақылды, қамқоршы боласың, әтеш – ақылсыз сенгіш боласың, ал түлкі сен – қу, жаман боласың дейміз. Қалған балаларды көрермендер ретінде тамашалауға отырғызу. Балаларға сөздерді анық, ашық айтқызып, бар эмоциясымен сахналатқызу. Көрермендерге қолдарын шапалақтатып кейіпкерлер атрибуттарын қарсы алғызу.	Таңдалған кейіпкерлер - мысық, әтеш, және түлкіні тақтаға шығады. Балаларды ширма жанына шығады, кейіпкерлер атрибуттарын қолға киіп, сөздерін айтады.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сұрақ – жауап арқылы ертегі сабағын аяқтау. - Ертегі қалай аяқталды? Балаларды мадақтау, бағалау.	Сұрақтарға жауап береді.

Күні: 09.03.22

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Күні: 09.03.2022ж

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Білім көзі: Ертегілер елінде

Білім көзі: Ертегілер еліне саяхат

Білім беру саласы: Қатынас

Тақырыбы: Ертегілер әлеміне саяхат.

Мақсаты: «Ертегілер әлеміне саяхат» деген тақырыптағы сабақта балаларды қоршаған ортамен таныстыру ойлау қабілеттерін арттыру, тілдерін дамыту, ертегінің қалай басталып, қалай аяқталатыны жайлы ұғымын бекіту, есте сақтау, және қайта айтып бере алу дағдыларына үйрету.

Күтілетін нәтиже:

Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды. Ұжымдық жұмыстың дағдылары. Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады

Әдіс –тәсілдері: Көрсету, сұрақ – жауап, түсіндіру, әңгімелеу.

Көрнекілік: Ертегі кітаптарды «Жеті лак», «Шалқан» ертегілерінің стол үстіндегі көрінісі арқылы әңгімелеп беру, ғажайып орман көрінісі-құстар, тасбақа, орман аңдары пайдаланылады.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	«Ерте, ерте, ертеде» әуені . - Балалар, сендер «Ертегілер әлеміне» барғыларың келе ме? – Ендеше бүгін біз «Ертегілер әлеміне саяхатқа барамыз». Тосын сәт: Қызыл Телпек келеді. - Ертегі тыңдағанды жақсы көресіңдер ме?	Балалар жәйлап кіреді. Музыка аяқталғаннан кейін қонақтармен сәлемдеседі. - Иә. - Сәлеметсіз бе! Ұнайды, жақсы көреміз.
Іздену-ұйымдастырушы	Ертегілер ертегілер әлеміне барар жолымыз ұзақ болады. Жолда бірнеше судан, үңгірлерден өтуге тура келеді. Үстел үстінде ертегі кітаптар, неше түрлі ертегілердің мазмұны бейнеленген ширмалар қойылған суреттер. - Қандай ертегілер? - Балалар, қараңдаршы, сендердің «Ертегілер әлеміне» келгендеріңізді біліп, қоян күтіп отыр екен. - Кім бізге қоян туралы тақпақ айтып береді? Балалар енді екінші ертегіге келе жатып, бір үңгірге тап болды, осы үңгірден бір бірлеп отейік. Ал, мынау қай ертегі? - Балалар, бұл ертегіні де айтады? - Енді лак туралы тақпақты кім айтады? - Енді ғажайып орманға барып, құстармен танысамыз, деді. Сергіту сәті: Судан өткен соң тағы бір ертегіге тап болады. - Балалар мынау қандай ертегі? - Балалар аю қалай жүреді? - Ой, балалар, біз нағыз «ертегілер әлеміне» келдік. - Бәріміз отырып қол соғайық. «Ертегілер әлемі» сахналық қуыршақ театры.	Балалар жолға шығады. Ертегі кітапханасына келеді. - Ол «Бауырсақ», «Үш аю», «Үйшік» ертегілері. Балалар кітапханадан шығып, ертегілер әлемінің бірінші «Қоянның үйі» ертегісіне келеді. Балалар ертегінің кейіпкерлерін атап береді. - «Жеті дақ» Шөре- шөре лағым Тентек болма шырағым Секендеме, демінді ал Селтендемей құлағың Балалар келе жатып суға кездеседі. Судың көпірінен еңбектеп өтіп. - «Үш аю». Балалар Машаны, аюларды танып көрсетеді, түсіндіріп айтып береді. жапырақтары бар. - Қорбандап (балалар жүрісін салады)

Күні: 09.03.22

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Рефлексивті- коррекциялаушы	- Балалар, сендерге «ертегілер әлеміне » саяхат жасау ұнады ма? Онда қандай ертегілер көрдіңдер? Қызыл телпек балалармен қоштасып кетеді.	- «Жеті лақ», «Шалқан», «Үш аю», «Үйшік», т.б.
--------------------------------	--	---

Күні: 16.03.2022ж

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Білім көзі: Ертегілер елінде

Білім көзі: «Ертегілер елінде»

Тақырыбы :«Түлкі мен торғай» ертегісі

Мақсаты: Суретке зейін қойып тыңдай алады, ертегі кейіпкерлерін таниды.

Күтілетін нәтиже: Суретке зейін қойып тыңдады, ертегі кейіпкерлерін таныды.

Көрнекілігі: ертегі кейіпкерлері бейнелері

Мақал - мәтелдер, жаңылтпаш, жұмбақтар.

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Мотивациялық қозғаушы</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Ерте, ерте, ертегі, Ертегі сыр шертеді, Ертегіні жақсы айтқан бала Мақсат – мұратына жетеді. «Ойлан, тап» стратегиясы; Кел, балалар, ойнайық, Ойнайық та, ойлайық, Қандай жұмбақ болса да, Шешпей оны қоймайық. 1. Өзі айлакер, қу. Жүрген жері айкайда шу. 2 Алдайды, арбайды, Қуланады, сұлуланады Ертегінің тақырыбына көңіл аударамын «Түлкі мен торғай» сөзі қандай дауыс ырғағымен, қандай көңіл - күймен айтылатынына назар аударамын. «Түлкі мен торғай» Торғай мен тышқан дос болыпты. Екеуі бірігіп егін егіпті. Тышқан жерді аяғымен қазып, торғай тұмсығымен шоқып, дән сеуіпті. Егін өте жақсы шығады. Торғай мен тышқан бітік өскен бидайды жинап алып, тең бөлісе бастайды. Бір бидай артылып қалады. Соны қайсысы аларын білмей, ақыры жанжал басталады. Торғай тұмсығымен шоқып, тышқан тырнағымен тырналай осықылап, бір-бірімен ұзақ төбелеседі. Маңайында арашалайтын ешкім болмаған соң, бір кезде шаршап барып тоқтайды. Ақыры өздерінің билеріне барып жүгінбек болады. Алдымен тышқандар биіне келеді. Тышқандар биі: — Бұл бидайды тышқан алуға тиіс. Өйткені тышқанның күші көп. Ол тырнағымен жер жыртып, ұртымен бидай септі, – дейді. Бұған торғай келіспеген соң, тышқан екеуі торғайлар биіне келеді. Торғайлар биі: — Бұл бидай торғайдікі. Себебі торғай егінге түскен барлық құртты құртқан. Күнде үстінде ұшып жүріп, егінді күзеткен, – дейді. Бұған да келісе алмаған соң, торғай мен тышқан далада қой бағып жүрген бір шалға барады. Шал дәнді алып, екеуіне тең бөліп береді. Бұған торғай да, тышқан да разы болып, өз жөндеріне кетеді.</p>	
<p>Ұйымдастырушы-ізденушілік</p>	<p>Сергіту сәті: Сұрақтар: - Түлкі не істеді? Оның жасаған әрекеті қандай? Ал, торғайдың әрекеті туралы не айтар едіңдер? Досына солай етуге бола ма? Қайсысына аяушылық білдіруге болады? Ит қандай әрекет жасады? Нағыз дос деп нені айтуға болады? Сіздер қалай істер едіңіздер?</p>	<p>Жауабы Қимылмен көрсетеді ертегіге қатысты сұрақтарға жауап береді</p>
<p>Жетекші жөндеуші</p>		

Күні: 30.03.22

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер еліне саяхат

Білім беру саласы: Қатынас

Тақырыбы: Ертегі елі жермен келе жатыр.

Мақсаты:Ертегі кейіпкерлерінің жағымсыз жақтарын таба білуге үйрету, тілін дамыту, байланыстыра сөйлеуге дағдыландыру.

Күтілетін нәтиже:

Ертегіні тыңдап, мазмұнын баяндайды.Балалар қойылған сұрақтарға толық сөйлеммен жауап беруге үйренеді.Ертегідегі жағымды, жағымсыз кейіпкерді ажыратады.

Әдіс –тәсілдері: сұрақ – жауап, түсіндіру, әңгімелесу, өткенді қайталау, таныстыру.

Көрнекілік: қуыршақ театры, кейіпкерлерінің атрибуттары.

Қызмет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушы	Тәрбиеші: - Балалар, сендердің «Ертегілер әлеміне» барғыларың келе ме? Ендеше бүгін біз «Ертегілер әлеміне поезбен саяхатқа барамыз.» - қоян, түлкі, қасқыр кездеседі. - Балалар сендер олармен қай ертегіде кездестіндер?	Балаларды қызықтыру. -Ия - Жолда - Түлкі, қоян, қасқыр - Жеті лақ пен қасқыр, Түлкі мен қоян, Бауырсақ.
Іздену-ұйымдастырушы	Ал енді балалар, кім айтады - Түлкі қандай? - Түлкі сияқты алдаушы болғыларың келе ме? - Қоян ше? - Қоян сияқты мейірімді, жамандық ойламайтын боламыз. - Ал қасқыр ше? - Қане, маған «Жеті лақ пен қасқыр» ертегісіндегі жағымды өздеріңе ұнаған кейіпкерлерді атаңдаршы. - Ешкі сендерге неге ұнады?	- Түлкі – айлакер, қу, әнші, пысық. - Жоқ. - Қоян қорқақ, мейірімді, мақтаншақ. - Қасқыр – айбынды, жыртқыш өте иіс сезгіш, ол өз көсемдеріне адал. - Ол ешкі және лақтар - Ол лақрын жақсы көреді, сүт береді, ақылын айтады.
Рефлексивті-коррекциялаушы	Сабақ соңында балалардың жұмысына қорытынды жасайды. - Лақтар қандай? - Енді жағымсыз кейіпкерлерді атаңдар? - Олар кімдер? - Қасқырды неге жаман деп ойлайсыңдар? Ойын «Қасқыр мен аю».	- Лақтар жақсы, анасын тыңдайды, ақылды. - Қасқыр. - Ол лақтарды жегісі келді. - Қасқыр зұлымдық жасағысы келді.

<p>Жетекші жөндеуші</p>	<p>мазмұнын ретімен құрастырып, баяндап береді Ертегі неге деп аталады? Байдың үйі қандай еді? Кедейдің үйі қандай? Неге бай өліп кетті?</p> <p>-Ал кедей неге алтынға нанды айырбастамады?</p> <p>-Неге балалар , алтын күміс тас екен ,бидай -ас екен дейді?</p> <p>-Нан туралы тыйым сөздерді кім біледі? Қорытынды бағалау</p>	<p>Бір үзім нан Өте кедей тұрған ішерге тамағы жоқ</p> <p>Өйткені</p> <p>бір үзім нан көптеген адамдардың өмірін сақтап қалады</p>
-----------------------------	--	--

Күні: 13.04.22

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Құмырсканың қанағаты

Мақсаты : Халық ауыз әдебиетінің үлгілерін пайдалана отырып, ауыз

бірлікке, ұйымшылдыққа, қанағатшыл болуға, жақсы қасиеттерді үйренуге тәрбиелеу; тілдерін, ойлау

қабілеттерін дамыту; **Күтілетін нәтиже:** ертегі арқылы бірлікке, ұйымшылдыққа, қанағатшыл болуға, жақсы қасиеттерді білді

еңбек, қанағат туралы мақалдарды есте сақтап айтуды, сұраққа толық жауап беруді

Көрнекілігі: сюжетті суреттер

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p data-bbox="92 611 309 678">Мотивациялық қозғаушы</p> <p data-bbox="92 947 347 1014">Ұйымдастырушы-ізденушілік</p>	<p data-bbox="395 611 887 678">Балалар, менің жұмбағым бар. Шешуге дайынсыңдар ма?</p> <p data-bbox="395 678 501 712">Жұмбақ</p> <p data-bbox="395 712 863 779">1. Бір балуан, өзі күшті қайраты мол, Өзінен үлкен затты көтерер ол. Мейлі қыр, мейлі жота, мейлі төбе, Қайқанда аса берер бәрінен ол.</p> <p data-bbox="395 779 724 846">2. Елек-елек тарым бар, Көтере алсаң бәрін ал.</p> <p data-bbox="395 846 876 913">Балалар, қанағат деген ұғымды қалай түсінесіңдер?</p> <p data-bbox="395 913 1023 981">Қанағат сөзін айқанда сендерге қандай ой келеді?</p> <p data-bbox="395 981 967 1048">Ендеше, «Құмырсканың қанағаты» ертегісін тыңдауға шақырамын</p> <p data-bbox="395 1048 1034 1417">Құмырса жер шарында кеңінен таралған. Денесі бас көкірек және құрсақтан тұрады. Көкірек бөлімі жіңішке, онда үш жұп аяқтары бар, құрсақ бөлімінде шаншары мен улы бездері жақсы дамыған. Құмырсақалар көбіне топталып арнайы илеу жасап, тіршілік етеді. Әрбір илеуде аталық, аналық, жұмысшы құмырсақалар болады. Құмырсақадан алынатын дәрілер буын ауруларын, қант диабетін емдеуде, қан қысымын реттеуде қолданылады. Құмырсақ азығын жазда жинайды.</p> <p data-bbox="644 1417 927 1451">Құмырсақ қанағаты</p> <p data-bbox="395 1451 1034 1552">Ертеде бір оқымысты болыпты. Ол барлық халықтың, жан-жануардың, жәндік, өсімдіктің тілін түгел біледі екен.</p> <p data-bbox="395 1552 1034 1753">Бір күні ғұлама бақ ішінде келе жатып, құмырсканың илеуіне тап болады. Қарап тұрған біреуі жоқ: бір тобы індерін кеңейтіп жатыр, бір тобы нән құртты сүйретіп келеді, енді біреулері күзет қорықта жүр, ал ана біреуі басқа илеуден ұшырасқан құмырсақмен алысып жатыр.</p> <p data-bbox="395 1753 943 1787">Әлгі адам бір құмырсканы ұстап алады да:</p> <p data-bbox="395 1787 1034 1854">– Сенің басың неге үлкен? – деп сұрайды. – Ақылым көп.</p> <p data-bbox="395 1854 724 1888">– Құйрығың неге үлкен?</p> <p data-bbox="395 1888 1034 2022">– Қайратым көп. Өзімнен қырық есе ауыр жүкті көтере аламын. Қайратымды құйрығыма жинамасам, ауыр жүкті көтергенде, тоңқалаң асар едім, – дейді</p> <p data-bbox="395 2022 557 2056">Құмырсақ:</p> <p data-bbox="395 2056 799 2089">– Ал сенің ішің неге жіңішке?</p> <p data-bbox="395 2089 639 2123">– Қанағатым көп.</p> <p data-bbox="395 2123 1023 2157">– Жарайды, – деді оқымысты. – Ақылың мен</p>	<p data-bbox="1058 712 1433 779">Жұмбақтың шешуі: құмырсақ құмырсканың илеуі</p> <p data-bbox="1058 880 1378 1014">Қанағат-барға риза болу, үнемдей білу, жоққа шыдау қарын тойғызады ең асыл қасиет</p> <p data-bbox="1058 1518 1305 1552">Ертегіні тыңдайды</p>

<p>Жетекші жөндеуші</p>	<p>қайратыңның көп екеніне көзім жетіп тұр. Енді қанағатыңның қандай екенін білейін. Егер саған бидайдың бір дәнін берсем, қаншаға жеткізер едің?</p> <p>– Бір жылға жеткізер едім, – депті құмырсқа.</p> <p>– Оқымысты құмырсқаны сауытқа салып, қасына бидайдың бір дәнін қояды. Бір жыл өткен соң сауытты алып қараса, құмырсқа бір қырынан бүк түсіп, қимылсыз жатыр екен. Қасында бидай дәнінің жартысы қалыпты. Әрі–беріден кейін бірте–бірте мұртын, аяғын қимылдатады да, құмырсқа орнынан тұрады.</p> <p>– «Бір дән маған бір жылға жетеді» деп едің. Жыл өтті, ал сен дәннің жартысын ғана жепсің. Оның қалай? – деп сұрады оқымысты.</p> <p>– Иә ... ол дәнді бір жылда жеп бітірсем, қазір менің халім әлде қайда жақсы болған болар еді. Бірақ сен бір жылдан кейін мені босатуды ұмытып кетсең, онда мен бостан–босқа аштан өлген болар едім. Сол себепті бір жыл бойы жарты дәнді қанағат қылдым, – деп жауап береді құмырсқа.</p> <p>– Егер босатуды ұмытып кетсем, қалған жарты дәнді қанша уақытқа жеткізген болар едің?</p> <p>– Төрт-бес жылға жеткізген болар едім, –депті құмырсқа.</p> <p>Сергіту сәті Ұзын мұртты құмырсқа Келе жатты жұмысқа Допты алып қолыма Қойдым оның жолына Оң жағына қарады Сол жағына қарады Тау екен деп ойлады Мақал- мәтел: « Қанағат қарын тойғызар » Құмырсқа қандай? Не істейді? Құмырсқа неге жатады?</p>	<p>еңбекқор, үнемшіл Еңбектенеді, жүреді, шағады Жәндікке</p>
--------------------------------	---	---

Күні: 21.04.22

Білім беру саласы: Вариативтік компонент

Білім көзі: «Ертегілер елінде»

Тақырыбы: « Шегіртке мен құмырсқа » мысал өлең

Мақсаты: . Ертегіні сурет бойынша айтуға үйрету. Балалардың тіл байлығын, сөздік қорын байыту, еңбекшіл болуға, өзгелерді тыңдай білуге, тиянақтылыққа тәрбиелеу;

Күтілетін нәтиже

Ертегі арқылы еңбексүйгіштікке, жалқаулықтан аулақ болуға рольге бөлініп ойнайды, дауысын, қимыл іс-әрекетін орындайды

Көрнекілігі: А.Құнанбаев, И.В.Крыловтың суреттері

Оқу іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушы	Қызығушылықты ояту. Жұмбақтар шешу 1. Ат басты, Арқар мүйізді. Бөрі кеуделі, Бөкен санды	Шегіртке
Ұйымдастырушы-ізденушілік	2. Ине бел, қылқа мойын, қара батыр, Қара тауды арқалап бара жатыр. - Енді осы шегіртке мен құмырсқа туралы не білеміз? - Бүгін осындай кейіпкерлермен орыс жазушысы И.Крыловтың мысалында танысамыз. - Мысалды аударған қазақ халқының ақыны, жазушы А.Құнанбаев «Шегіртке мен құмырсқа » Сурет бойынша айтамыз	Құмырсқа далада тіршілік ететін жәндік Мысал өлеңді қызыға тыңдайды
Жетекші жөндеуші	Венн диаграммасын салып, шегіртке мен құмырсқаның дара, ортақ қасиеттерін айтады Мадақтау, қорытындылау	Суретке қарап, шегіртке мен құмырсқаның ұқсас жақтарын айтады

Күні: 28.04.22

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?»

Мақсаты: Балаларға ертегіні көңілді қабылдауға үйрету, сахналап беруге талпындыру, кейіпкердің мінез-құлқын сезіндіру, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

ертегілерді есте сақтап, баяндап бере алады, суреттерге қарап, қандай ертегі екенін айтып, баяндайды

Әдістері: сұрақ-жауап, сахналық көрініс, машықтық іс-әрекет **Көрнекілігі:**ертегі суреттері,

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Мотивациялық қозғаушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденіс</p>	<p>---Балалар, ертегілер еліне саяхат жасауға дайынсыздар ма?!. Ертегі арқылы жақсы мен жаманды, ақымақ пен дананы айырып, армандауға, қиялдауға үйренсек, ой-өрісіміз де кеңеймек. Бүгін біздер халықтың асыл қазынасы ертегілер еліне саяхат жасамақпыз. «Кім тапқыр?» ойынын ойнату . Әр ертегіден суреттерге қарап, ертегіні жалғастырып айту керек. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін тыңдау. Күндердің бір күні Жылан жер жүзіндегі жанды мен жансыздарға мынадай арыз айтады:</p> <p>— Мені Тәңірім сендердің бәріңнен кем жаратыпты. Аяқ-қолым жоқ. Басымды көтере алмай, жер бауырлап қалдым. Не жеп, не қоярымды да білмеймін. Сендердің бәрің бір бүтін тілдісіңдер, ал мен айыр тілдімін. Ойлап отырсам, жанды мен жансыздың ішіндегі сорлысы мен екенмін. Маған ешқайсыңның жәрдем еткілерің келмейді. «Сен қасіретті көп тарттың, ондайлар әрдайым әділ келеді, сен барлығымызға патша да бола аласың» деп, сөзбен болса да жұбатып кетпейсіңдер, – деп, ол екі көзінен қанды жасын сорғалатып, ағыл-тегіл жылайды. Жанды-жансыздың барлығы жыланға аяныш білдіріп, өкпесін орынды көреді, «қарасың деп шықпайтын, қара қылды қақ жарған, ақ жүрек ақылшымыз болар» десіп, өздеріне патша етіп сайлайды. Жыл артынан жыл, күн артынан күн өтіп жатады. Күндердің күнінде Жыланекен: «Бүкіл әлемге патша болып, барлық билікті өз қолыма алсам, бұдан да жақсы тұрар едім. Көзіме көрінген тамақты ішпей, дүниедегі жандылардың ең тәтті қандысын жер едім», – деп қиялдайды. Қан дәмін айыра алатындарды шақыртады. Қос қанатын делдитіп, аяқтарын шілтитіп, қуарып Шіркей, тұмсығын едірейтіп Маса, патшаның көңілін табам деушілердің бәрі келеді. Патша осылардың ішінен Шіркей мен Масаға:</p> <p>— Жер жүзін аралап, өсімдіктердің дәмін татып, жанды-жансыздың қанын сорып қайтындар, тек бұлар ғана емес, қаттыдан тастың, жұмсақтан топырақтың да дәмін алындар. Дүниедегі ең тәтті зат бұдан былай менің тамағым болатындай етіңдер, – деп, уақыт кесіп, бүкіл әлемді шарлатып жібереді. Күн артынан күн өтіп, патшаның кесіп берген мезгілі де жетеді. Шіркей әлсіздігінен жел болса, шөптің түбіне қашып тығылып, тымықта ыңылдап ән салғансып жүріп, кешігіп қалады. Ал Маса өсімдік пен жандылардың ең тәттісін біліп алып, патшасына қарай әуелей ұшып, әндегіп келе жатқанда,</p>	<p>Ертегі елінде жақсыдан үйреніп, жаманнан аулақ боламыз деп, ертегілер еліне баруға көңіл күйлерін білдіреді Суреттер арқылы ертегілерді атап, ертегіні айтады</p> <p>Ертегіні тыңдайды</p> <p>Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» бала, қарлығаш, айдаһар қатігез Сұрақтарға толық жауап беруге тырысады.Ертегі қалашығына барып, ермексазбен өздеріне ұнаған ертегі кейіпкерлерін мүсіндейді</p>

**Жетекші-
жөндеуші**

Қарлығаш кез болады. — Иә, Маса досым, патшамызға ең тәтті тамақ іздеп кетті деп естіп едік, таптың ба? Маса Қарлығашты менсінбей, сұрағына жауап қатпай, зулай жөнеледі. — Ә, ә, түсіндім, түсіндім! Жолың болып, іздегенінді тапқан екенсің, достым... Азаматсың өзің! Сенің ептілігіңді, еш нәрседен тайынбайтын бір беттілігіңді білгемін. Осы қасиетіңді енді барлық қанаттыларға айта жүретін боламыз, – деп, Қарлығаш Масадан сыр тарта, мадақтай сөйлейді. Бұл мақтауға Масаның есі шыға мастанып:

— Патшамыздың тамағына кімді тапқанымды білесің бе?

— Е, Маса досым, мен не білуші едім? Сізден денемнің үлкендігі болмаса, ақылым аз емес пе?! Сіз патшаның ақылшысысыз. Кәне, төрем, айтыңызшы, ардақты патшамыздың тамағына кімді таптыңыз? Маса еліре түсіп:

— Дүниеде патшамызға лайықты ең тәтті тамақ адам қаны екен. «Ғм... Адам сияқты ақылды да айлалы жан домаланған сілімтік жарымжанға жем болып қала ма» деп, қарлығаш бір амал ойлайды. — Менің ақылымның қысқалығы осы емес пе, Маса төрем! Адамның қаны тәтті дегеніңізге сенер-сенбесімді білмей келем. «Дүниеде тәтті қанды тауып, дәмін татқанның тіліне алтын мөр түсіп қалады» деп, шешем көп айтушы еді. Кәне, тіліңізді шығарып, мөріңізді көрсетіңізші! Алтын мөрге көз салғанның өзі біз үшін үлкен бір медеу ғой. Бұл мақтауға елірген ессіз Маса:

— Көрсен, көре ғой, байғұс! – деп, тілін ұсынады. Қарлығаш шап беріп, Масаның тілін жұлып алғанда, ол сөйлей алмай, ыз-ыз етіп, патшасы Жыланға қарай ұша жөнеледі. «Қош, тілің жұлынды. Аузыңа құм құйылды. Адамның қанының тәттілігін енді қалай түсіндірер екенсің?» деген оймен Қарлығаш артынан ұшады. Маса бірдемелерді айтқысы келіп, ыз-ыз етіп зар қағады. Бірақ еш нәрсені түсіндіре алмайды Жыланға.

— Мұның тілі аузынан түсіп қалған ба, немесе жынданған ба? Мынаның не деп тұрғанын түсінгендерің бар ма? – деп, Жылан тұрғандарға қарайды.

— Өте түсінікті, патшам! – дейді Қарлығаш сонда. — Түн көрмей кетейін, бірдеңе ұқсам, кәне, түсінсең айтшы, не деп тұр?

— Ызыңдап ұшып жүріп, бүкіл әлемді араладым. Бірақ неше түрлі өсімдікті өзі өсіріп шығарған топырақтан басқа еш нәрсені таппадым, - дейді патшам! Тілі сөйлеуге жарамаса да құлағы сау Маса мұны естігенде, жаны шығып кете жаздайды. Ол ызыңдап кеп, Қарлығашқа екі-үш рет тиіседі де Жыланның алдына барып жылап жібереді.

— Ә, ә, мұның тіліне бір пәле қылған сен екенсің ғой, – деп, Жылан Қарлығашқа атылып кеп кетеді. Қарлығаш ұша жөнеледі. Жылан ұша жөнелген Қарлығаштың құйрығын ғана тістеп қалады. Жылан содан былай топырақ жалап, ал Маса ызылдап қалады. Адам жыланды көрсе өлтіріп, басын езетін болады. Қарлығаш жыланнан қорқып, адамды дос тұтып, үйдің төбесіне ұя салады, бірақ оның құйрығы кем, екі айырық, болып қалады.

- Ертегілер елі сендерге ұнады ма?

- Біз тамашалаған ертегі қалай аталады?

- Ертегідегі қай кейіпкер ұнады?

Айдаһар қандай? -Маса

не істеді?

	<p>- Қарлығаштың құйрығы неге айыр болған? - Бұл ертегіде қарлығаш қандай екен? - Сендер де сол қарлығаш сияқты мейірімді, батыл болғыларын келеді ме? - Бұл ертегіден біз не үйрендік? Дұрыс айтасындар балалар, кіп - кішкентай қарлығаш өзінен қанша үлкен айдаһардан қорықпай оған қарсы шығып, зұлымдықты болдырмай жеңіп шықты. Сендер де, әрқашан бір - біріне көмектесіндер, бір - бірлерінді ренжітпендер, үлкендерге жақсылық жасай біліндер. - Мен сендерді ертегі қалашығына шақырамын, өздеріне ұнаған ұсақ ойыншықтармен «Ертегі елін» жасаңдар Балаларды мадақтап қорытындылау</p>	
--	--	--

Күні: 05.05.22

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Мақта қыз бен мысық»

Мақсаты: Балаларға педагог Ы.Алтынсарин оның шығармашылығы туралы білімдерін жетілдіру. Ертегіні мазмұнының әңгімелеуге, диалог сөздерді мәнеріне келтіре айта білуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру. Балалардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттыру.

Күтілетін нәтиже:

ертегі арқылы тапсырмаларды орындайды, ертегі кейіпкерлерін ретімен атайды

Мысықтың қатыққа бару жолын сызбамен көрсетеді

Көрнекілігі: ертегі суреттері

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
<p>Мотивациялық қозғаушылық</p> <p>Ұйымдастырушылық ізденіс</p>	<p>Шаттық шеңбері Күндей жадырап, Айдай арайлап. Жұлдыздай жарқырап, Судай сөп-мөлдір таза көңілмен бүгінгі ертегімізді бастайық -Балалар қандай ертегілерді білесіңдер? -Ертегілер несімен ұнайды? Бүгін біз Ы.Алтынсарин аталарыңның «Мақта қыз бен мысық» ертегісімен танысамыз Екеуі дос болып жүреді. Бір күні Мақта қыз үйін жинап жүрсе, бір мейіз тауып алады. Мысықты шақырады. Шақырады – келмейді, шақырады – келмейді, сосын «келмесең, келме», – деп, мейізді өзі жеп қояды. Жеп болған соң мысық келіп: – Неге шақырдың? – деп сұрайды. Мақта қыз айтпайды. Сосын мысық айтады: «Ендеше қатығыңды төгем», – дейді. Мақта қыз: «Мен құйрығыңды кесіп аламын», – дейді. Мысық қатықты төгеді. Мақта қыз мысықтың құйрығын кесіп алады. «Апа, апа, құйрығымды берші», – дейді. Сосын Мақта қыз: «Менің қатығымды төлеп бер», – дейді. Мысық сиырға барады. «Сиыр-сиыр, маған қатық берші», – дейді, сиыр айтады: «Менің қарным ашып тұр, маған жапырақ әкеліп бер», – дейді. Мысық ағашқа барып: «Ағаш, ағаш, жапырағыңды берші!» – дейді. Ағаш айтады: «Мен шөлдеп тұрмын, су әкелсең, жапырақ беремін», – дейді. Суға бара жатса, су әкеле жатқан қыздарды көріп: «Қыздар, қыздар, маған су берші», – дейді. Қыздар: «Бізге сағыз әкеліп берсең, біз саған су береміз», – дейді. Мысық дүкенге барады. «Ай, дүкенші, маған сағыз берші», – дейді. Дүкенші: «Маған тұқым бер», – дейді. Мысық тауыққа барады: «Тауық, тауық, маған тұқым берші», – дейді. Тауықтар айтады: «Бізге дән әкеліп берсең, біз саған тұқым береміз», – дейді. Мысық: «Енді не қыламын», – деп бара жатса, бір ін қазып жатқан тышқанды көреді. Мысық тышқанды қорқытып:</p>	<p>балалар жақсы көңіл күймен тілектерін білдіреді</p> <p>Ертегіні тыңдайды</p> <p>Сұрақтарға жауап береді</p> <p>Қимылмен көрсетеді</p> <p>Сызықтармен мысықтың қатыққа</p>

<p>Жетекші-жөндеуші</p>	<p>«Жаның барында айт, үйінде не бар?», – дейді. Тышқан қорыққанынан: «Үйімде бір батпан тарым бар», – дейді. Мысық айтады: «Маған бір уыс тары бер», – дейді. Тышқан үйіне барып, бір уыс тары береді. Тарыны апарып тауыққа береді, тауық тұқым береді, тұқымды апарып дүкеншіге береді, дүкенші сағыз береді, сағызды апарып қыздарға береді, қыздар су береді, суды апарып ағашқа береді, ағаш жапырағын береді. Жапырақты апарып сиырға береді, сиыр қатық береді, қатықты апарып Мақта қызға береді. Мақта қыз мысықтың құйрығын береді. Балаларға ертегіні оқып беріп, түсінгендерін сұрау Ертегі кім жайында екен? -Ертегіде қандай кейіпкерлер бар? -Мақта қыз бен мысықтың бір-біріне жасағандары дұрыс па? Ертегіні суреттен көрсету Балалар сендер осы ертегіні рөлге кіріп ойнайсыңдар ма? Балалар ертегіні бастарына атрибуттарын киіп ойнайды. Сергіту сәті: Біз кішкентай баламыз Өсіп-өніп таламыз Күнге қарап табынып, Көкке қолды созамыз Қанат қағып ұшамыз Қарлығаштай самғаймыз бір отырып,бір тұрып Жаттығулар жасаймыз Балалармен жұмыс.»Мысықтың қатыққа жету жолын тап» Әр балаға үлестірмелі құралдар беріп, таратылады. Мысықтың қатыққа жету жолын сызықтар арқылы қосамыз Жарайсыңдар. Енді барлығының сұрағандарын әкеліп беріп мысықтың құйрығын қайтарып алайық та Мақта қыз бен мысықты татуластырайық. Жұмбақ: Өзі жап-жас мұрты бар Ет пен сүтке ұмтылар Тастамайды жылы үйде Түкті тоны шүп-шұбар. -Балалар бүгін біз қандай ертегісімен таныстық? -Ертегі сендерге ұнады ма? Балаларды бағалау, мадақтау</p>	<p>жету жолын сызып көрсетеді</p> <p>мысық</p>
--------------------------------	--	--

Күні: 12.05.22

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?»

Мақсаты: Балаларға ертегіні көңілді қабылдауға үйрету, сахналап беруге талпындыру, кейіпкердің мінез-құлқын сезіндіру, есте сақтау қабілеттерін қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже: ертегілерді есте сақтап, баяндап беруді суреттерге қарап, қандай ертегі екенін айтып, баяндайды
Сұрақтарға жауап береді

Әдістері: сұрақ-жауап, сахналық көрініс, машықтық іс-әрекет
көрнекілігі:ертегі суреттері,

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық	---Балалар бүгін біз өткен ертегілерді есімізге түсірейікші?! Ертегі кейіпкерлерінің суретін көрсетемін. «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін мен сендерге айтып беремін.	Балалар қандай ертегі кейіпкерлері екенін тауып айтады. Ертегіні тыңдайды Ертегіні рөлдерге бөлініп ойнайды
Ұйымдастырушылық ізденіс	Балалар мына ертегі кейіпкерлерінің атрибуттарын киіп ертегіні сахналап ойнайықшы - Ертегілер елі сендерге ұнады ма? - Біз сахналаған ертегі қалай аталады? - Ертегідегі қай кейіпкер ұнады? -Айдаһар қандай? -Маса не ітеді? - Қарлығаштың құйрығы неге айыр болған? - Бұл ертегіде қарлығаш қандай екен? - Сендер де сол қарлығаш сияқты мейірімді, батыл болғыларың келеді ме? - Бұл ертегіден біз не үйрендік? Дұрыс айтасындар балалар, кіп - кішкентай қарлығаш өзінен қанша үлкен айдаһардан қорықпай оған қарсы шығып, зұлымдықты болдырмай жеңіп шықты. Сендер де, әрқашан бір - біріне көмектесіндер, бір - бірлерінді ренжітпендер, үлкендерге жақсылық жасай біліндер.	Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» бала, қарлығаш, айдаһар қатігез Сұрақтарға толық жауап беруге тырысады.
Жетекші-жөндеуші		

Күні:26.05.2022ж

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Білім көзі: Ертегілер елінде

Тақырыбы: Түлкі мен қырғауыл ертегісі

Мақсаты: Балаларға білетін ерт егілерін еске

түсіру арқылы тіл байлығын дамыту, дауыс ырғағын келтіре отырып, рольдерге бөліп ойнату.Балаларды тапқырлыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу

Күтілетін нәтиже:

бір бірін алдау жақсы қасиет емес екенін білуді

Түлкінің өте қу аң екенін біледі

дауыс ырғағын салып, рольдерге бөлініп ойнайды

Іс-әрекет кезеңі	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық қозғаушылық Ұйымдастырушылық ізденіс	Балалар қандай ертегі білесіңдер? Ертегі тыңдау ұнай ма? Ертегіміз «Түлкі мен қырғауыл» деп аталады Бір түлкі ағашты аралап келе жатып, ағаштың басында отырған қырғауылды көреді де жақындап келіп; -Сәлеметсіз бе, қырғауылым, халің қалай? -Жақсы өзің қалай? –дейді қырғауыл -Жерге түсіп, сөйлессеңіз қайтеді, құлағым естімейтін еді?- дейді -Жерге түсуге қорқамын, жерде әртүрлі аңдар баржеп қоюы мүмкін - дейді қырғауыл - Әй ,достым, қазіргі заман бұрынғы заман емес, жаңа ғана келдім, бұйрық шығыпты, біреуге біреу зорлық қылмасқа, қой мен қасқырбірге жүрсін, түлкі мен тауық бірге жүрсін деген, деп қу түлкі алдайды - Жақсы хабарыңыз бар екен, рахмет достым! Мына жақта бір иттер келе жатыр, оларға да хабарыңызды айтыңыз, естісін-- дейді қырғауыл Ит деген сөзді естіген түлкі қаша жөнеледі –Қырғауыл: - Қайда барасың;түлкім, бұйрықты ұмытып кеттің бе?-дейді Түлкі: - Кім біледі, бұйрықтыол естімегеншығар—дейді міңгірлеп Ертегі қалай аталады? -Түлкінің қырғауылға айтқан сөздері рас па?	Балалар білетін ертегілерін айтады Ертегіні тыңдайды Түлкі мен қырғауыл
Жетекші-жөндеуші	Қырғауыл түлкінің айтқан сөздеріне сенді ме? -«Ит» деген сөзді естіген соң, түлкі неге қаша жөнелді? - Түлкі қырғауылға не деді? Балаларды мадақтап, қорытындылау	Оны жегісі келіп алдайды Қырғауыл сенбей , оны ит келе жатыр деп алдайды иттерден қорқады Олар естімеген шығар дейді